

2025

2024 жыл да өзінің елеулі оқиғаларымен бірге тарих қойнауына кетті. Жаһандық жағдайдан қарағанда қазіргі кезең адамзат көшінің бұрылысты кезеңі деп бағалауға болады. Сірә, болашақ бірнеше он жылдықтың бет-бейнесі тап қазір қалыптасып жатқан болуы да мүмкін. Олай дейтініміз, тарихтың бұл сәтінде әлемдегі ірі күш орталықтары халықаралық қарым-қатынастың жаңа ережесін құруға күш салып жатыр. Демек, соңғы және алдағы бірнеше жыл болашақ ұзақ тарих үшін ұдайы еске алынып, осы кездегі оқиғалар жиі мысалға тартылатын кезең деп суреттесек болатындай. Әлбетте, өткен жылдың елеулі оқиғалары көзіқарақты оқырмандарымыздың көкейінде. Оларды қайталай салмақтап, саралап отырмай-ақ, біз «Алдағы 2025 жылда әлемнің бет-бейнесі қандай болады?» деген сауал төңірегінде ой өрбітуді жөн көрдік. Бүтінгі оқиғалардың тізбегіне орай ертеңге деген күдігіміз де, үмітіміз де мол. «Үміт пен күдік арасындағы болашақ бізге не тарту етуі мүмкін?» деген мәселеге бірге ой жүгіртсек дейміз.

ҚАЛА-ҚАРБАЛАС

МАҢЫЗДЫ ЖОБА

Алматыда қуаттылығы тәулігіне 1200 текше метрге дейінгі алғашқы қар еріту пункті іске қосылды

Алматыда қала әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасы аясында қар еріту пункті ашылды. Мұндай пункттер қарды жедел түрде өндеуге, оны қала аумағынан шығармай тиімді жоюға мүмкіндік береді.

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Сонымен қатар, мұндай шешім қарды қаладан тыс жерлерге шығаруға кететін уақыт пен ресурстарды едәуір азайтуға, сондай-ақ экологияға теріс әсерді азайтуға мүмкіндік береді.

«Алматы Тазалық» МКК директорының орынбасары Ертай Қасенов атап өткендей, қар еріту пунктін енгізу – экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз етудегі және мегаполисте өмір сүру сапасын жақсартудағы маңызды қаддам.

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы

10.01.2025

Түнде:

-10-12 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз. Кей уақытта тұман, жолдарда көктайғақ.

Күндіз:

0, -2 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

11.01.2025

Түнде:

-8-10 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз. Кей уақытта тұман, жолдарда көктайғақ.

Күндіз:

0, +2 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

12.01.2025

Түнде:

-8-10 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз. Кей уақытта тұман, жолдарда көктайғақ.

Күндіз:

0, +2 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

www.aqshamnews.kz

МӘЖІЛІС ҚАНШАЛЫҚТЫ БЕЛСЕНДІ БОЛДЫ?

2024 жылы 31 желтоқсанда Мәжілістің үшінші сессиясы өз жұмысын аяқтады. VIII шақырылым депутаттары 2 қыркүйекте жұмысқа кірісіп бірнеше маңызды заң қабылдады. Жауапты мемлекеттік органдарға депутаттық сауал жолдап, қоғаммен байланыс орнатты. Азаматтардың өтініштерімен жұмыс істеді. Мәжілістегі фракциялар да белсенділік танытты. Ендеше, «депутаттар жылды қалай қорытындылады?» деген сұраққа жауап іздейміз.

Билеуші партия көш бастап тұр

Мәжілістің ресми сайтындағы ақпаратқа сүйенсек, депутаттар үшінші шақырылымда 164 сауал жолдаған. Оның басым көпшілігін билеуші партия AMANAT-қа тиесілі. 50%-дан астам депутаттық сауалды «аманаттықтар» жауапты мемлекеттік органдарға жолдаған.

Одан кейінгі орынға «Ақ жол» мен ҚХП жайғасқан. Өрқайсысында 20 сауалдан. Бір мандатты округтен сайланған депутаттар әдеттегідей белсенді. Үшінші сессия аясында 11 сауал жолдаған екен. ЖСДП мен Respublica тағы да белсенділік танытпады.

Фракциялар	Сауалдар саны (164)
AMANAT	84
«Ақ жол»	20
Бір мандатты округтер бойынша сайланғандар	11
«Ауыл»	20
ҚХП	14



ЖСДП	8
Respublica	7

Депутаттық сауалдар сипаты бойынша да әралуан. Депутаттар көбіне экономика, банк және кәсіпкерлік салалары бойынша мәселе көтерген. Олардың назарынан әлеуметтік мәселелер де тыс қалмады. 164 сауалдың 37-і осы салаға арналған.

Мәселенің сипаты	Сауалдар саны (164)
Экономика, банктер, кәсіпкерлік	47
Әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау және білім беру	38
Мәдениет, БАҚ, спорт, дін, тіл саясаты	19
Ауыл шаруашылығы	14
Құрылыс, көлік, байланыс, ТКШ қызметтері	13
Өзге мәселелер	33

«Заң және тәртіп» қағидасына сұраныс бар

Мәжіліс халықпен етене жұмыс істеуі тиіс билік тармағы. Оның мұң-мұқтажын, арыз-шағымдарын тыңдап, жауапты мемлекеттік органдардан жауап іздейді. Үшінші сессия аясында азаматтардан онлайн түрде 10 мыңға жуық хат түскен. Олардың басым бөлігінде сот төрелігі және құқықтық тәртіп мәселесі көтерілген. 6 мыңға жуық хатта азаматтар сот және құқықтық жүйеге шағымданған. Бұл «Заң және тәртіп» қағидасына сұраныстың бар екенін көрсетеді.

Қазір азаматтарды несиеге, қарызға бату, қаржы мекемелеріне борышкерлік, сонымен қатар қаржылық алаяқтық мәселелері толғандыратыны жасырын емес. Мұны Мәжілістің ресми мәліметтері де растап отыр. Былтыр үшінші сессия жұмысы барысында осы мәселеге байланысты 1 мыңға жуық хат түскен екен.

Азаматтар көтерген мәселе	Саны (9742)
Сот төрелігі және құқықтық тәртіп	5801
Қаржы және несие	967
Мемлекеттік басқару	425
Әлеуметтік мәселелер	423
Экономикалық реформа	404
Ауыл шаруашылығы және экология	401
ТКШ, тұрғын үй беру, құрылыс	388
Ғылым және білім, мәдениет, жастар	363
Заң жобалары бойынша ұсыныстар	306



Пердехан ШӘМШИЕВ, сарапшы.

Жылан жылғы жаһан:

ӘЛЕМДІК ТЕНДЕНЦИЯ

жаңа мүмкіндіктерге дайын болуға шақырады

(Басы 1-бетте)

2025 жылдан не күтеміз?

Америкалықтардың өткен жылдың карашасындағы таңдауы алдағы бірнеше жылда әлемге әр қырынан әсер ететіні осыған дейін де белгілі болған. Сөз нысанамызда, әрине, Трамп тұр. Құрама Штаттар тарихындағы бұл елеулі тұлғаның геосаяси аренадағы ықпалы да зор болатыны даусыз. Біз 2025 жылдың алғашқы айында-ақ Трамптың әлемге өз ықпалын жасай бастағанына куә болатынымыз анық. Оның «Алдымен Америка» дейтін саясаты АҚШ-тың бәсекелестеріне де, серіктестеріне де, одақтастарына да өз әсерін беретініне дау жоқ. Ең әуелі бұл Вашингтон бастаған бірқатар одақтардың ішкі тұтастығына елеулі қауіптер ала келетін болады. Бұның ішінде НАТО секілді қорғаныс қауіпсіздігіне тән ұйымдар да, WTO секілді сауда ұйымдары да бар. Бұның себебі, аталмыш саясаттың державалық орынды бекемдеуге бағытталатынында.

Егер Трамп алға тартып отырған «Алдымен Америка» саясаты өзі айтқандай қатаң ұсталатын болса, онда геосаяси бөліністерді күшейтіп, қазіргі және болашақ жаңа шиеленістерді өршітуі мүмкін. Біз 2025 жылдың алғашқы айында АҚШ президентінің араағайындығымен Ресей–Украина арасында келіссөз басталуына куә болуымыз мүмкін. Бірақ бұл келіссөз келісімге ұласқан күнде де оны түбегейлі бейбітшілік деп айту қиын. Керісінше, біз Трамп саясатының нәтижесінде әлемнің өзге нүктелерінде жаңа шиеленістердің туатынын болжай аламыз. Бұндай жаңа қызу нүктелер шамасы Үнді – Тынық мұхиты сынды алып геосаяси аймақтар да пайда болуы мүмкін. Яғни ендігі ең шиеленісті мәселелер – АҚШ пен Қытай арасындағы қарама-қайшылықты ұстанымдардан өрбуі бек мүмкін.

Қақтығыстардың ірге кеңейтуі

Әлбетте, жаһандық көшбасшы держава ретінде АҚШ саясаты әлем тұрақтылығына



Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

өз әсерін береді. Құрама Штаттардың мүддесіне теріс әсер ететін қақтығыстарды вашингтондық күш орталық лезде басып тастауға қабілетті.

Дегенмен, Құрама Штаттардың қазіргі мүддесі тұрғысынан қарастырсақ, әлемде болып жатқан кейбір қақтығыстардың әлі де ұзақ жалғасуы мүмкін деген жорамалға келеміз. Айталық, Таяу-Шығыстағы жанжалдар. Сирияда үкімет аударылды, жаңа үкіметтің легитимділігі әлі де сұрақ күйінде қалды. Израиль, Ливан, Палестина, Иемен сынды сөнбеген жанартаулар атқылауын тоқтата қоймас. Оның бір ғана себебі бар, АҚШ-тың аймақтағы мүддесі толық қанағат таба қойған жоқ. Иран сынды балама күш болады екен немесе аймақта мұнай мен табиғи газ қоры болады екен, бұл өңірде әлі де қақтығыстар жалғасады. Тіпті, ауқымы кеңейіп кетуі де бек мүмкін.

Израильдің Ливандағы «Хезболлаға», Газадағы «Хамасқа» қарсы әскери іс-қимылдары зор нәтижеге жетті. Екі ұйымның да басшылары өлтіріліп, күші әлсіреді. Бірақ осының бәрі аймақтағы ойындардың түбегейлі соңы деуге ерте. Көп тараптың мүддесі айқасып жатқан бұл аймақ 2025 жылы да өзінің жаңа жанжалдарымен сахнаға көтерілуі мүмкін.

Геосаяси үйектену

Қазірге дейінгі оқиғалардың тізбегіне қарай отырып, алдағы жылы әлемде геосаяси үйектену үрдісі жеделдейді деп болжам жасауға болады. Тіпті, біз Ресей, Қытай, Иран және Солтүстік Корея сынды елдердің Батысқа деген қарсылығы ашыққа шығады десек те қателесе қоймаймыз. Батыс елдерінің АҚШ бастаған кейбір коалиция әрекеттері нәтижесінде аталған елдер өздерінің барған сайын тар кеңістікке қалып бара жатқанын көріп отыр. Енді, міне, Құрама Штаттарда «Алдымен Америка» саясатының орнығуымен бұл елдерге бағытталатын қысымдар тіпті де артады. Оның нәтижесінде бұған дейін мойындалмай келе жатқан төрттік одақ ашыққа шығуы бек мүмкін. Бұл дегеніміз, әлемнің геосаяси үйектенуінің ең айқын дәлелі.

Мұндай ашық бәсекелестіктің жарыққа шығуы әлем үшін қауіпті болмақ. Егер көптеген сарапшылардың болжамына сенсек, қазір АҚШ пен Қытайдың ашық қайшылықтан бас тартуға тырысуы осы үрдісті кейінге шегеріп келеді. Бүгінгі таңда АҚШ-тың Қытаймен бәсекелестігі сауда соғысы ретінде көрінеді, яғни Трамп шектеулер енгізіп, тарифтерді күшейтуде. Бірақ бәсекелестік жылдан-жылға

артып жатқанына дау жоқ. Қытайлық фирмалар сауда кедергілерін айналып өту үшін АҚШ іргесінде Мексикадан тартып, Аргентинаға дейін, Еуроодақ іргесінде Венгриядан тартып Сербияға дейін өз өндіріс базаларын кеңейтуде. Ал Вашингтонның бұған қарсы қадамдары іске қосылған кезде қайшылықтың қай деңгейде екенін білуге болады.

Экономикада жаңа міндеттер бар

Пандемиядан кейінгі шарықтаған инфляцияны әлем елдері біртіндеп ауыздықтады. Алайда, кейбір экономистер Трамптың қатаң тарифтік саясаты іске қосылғаннан кейін инфляцияның қайта өсуі пайда болуы мүмкін деп санайды. Бірақ әлем елдері үшін экономиканы жаңа міндеттер күтіп тұр. 2025 жылға болжам жасаған экономист-сарапшылардың пікірін жинақтайтын болсақ, алдағы жылда әлем экономикасына мынадай ортақ міндеттер бар: экономикалық өсуді қанағаттандыру үшін салықтар ұлғаяды, шығыстар қысқарады, инвестициялық тартымдылық үшін қызу бәсекеге дайындық басталады. Оның үстіне қазіргі геосаяси шиеленістер мен бейбітшілікке төнген қатерге байланысты әлемнің көптеген елі өз экономикалық табысынан қорғаныс саласына көбірек салым сала бастайды.

Жылдың жалпы картинасына қарап алдағы жылдың күрес пен бәсекеге толы болатынын көреміз. Осыншама көп ауыр міндеттеріне қарамастан 2025 жыл әлемде тұрақтылық пен бейбітшілік үшін ең сенімді қадамдар жасалатын жыл болады. Осы арқылы қазіргі ұрпақ өзінің алдағы бірнеше онжылдықтағы жаңа халықаралық тәртіпті қалыптастырудағы елеулі тарихи міндеттерін адақтап шықпақ. Мейлі, қалай десек те, әлемдік тенденция жаңа сын-қатерлермен қатар елімізді жаңа мүмкіндіктерге дайын болуға шақырады.

Естай БОЖАН, сарапшы.



САРАПТАМА

Ғаламдық даму:

ПОЗИТИВ БОЛЖАМДАР БАСЫМ

Жаңа жылдың қарқынды жұмыс аптасы басталып кетті. Календарлық күнтізбенің ауысуымен жұрт санасында жаңа мақсаттарға деген талпыныс та оянары анық. Бұл тұста адамдарды енді ғана басталып жатқан жылдың жалпы картинасы қалай болар екен деген түйткілді сұрақ мазалайтыны тағы бар. Ірі бизнес жоспарларынан тартып, шығармашылық ой-идеяларға, тіпті қарапайым тұрмыстық мақсаттарға да осы жылдағы жалпы экономикалық жағдайдың әсері болмақ. Сол үшін де біз басылымымыздың оқырмандарына арнап, 2025 жылға арналған жалпы әлемдегі, бізді қамтыған геосаяси аймақтағы экономикалық өсімге қатысты болжамдарды жинақтап ұсынуды жөн көрдік.

СЕНІМДІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ
ӨСІМ ЖЫЛЫ

Жаһандық экономика айтарлықтай үлкен қиындықтарға ұшырап жатқаны мәлім. Оған геосаяси жағдайлар да әсерін беруде. Кейбір аймақтағы қақтығыстар энергия тасымалынан тартып, жеткізу тармақтарына дейін кедергілер келтіріп, көптеген елдердегі экономикалық белсенділікті кемітіп тұр. Соған қарамастан, 2025 жылғы жаһандық экономикалық жағдайға позитивті болжамдар басым. Айталық, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының жақындағы есебінде әлем экономикасы былтырғыдан да орнықты бола түсетіні айтылады. Ұйым есебінше 2024 жылы жаһандық экономика 3,2% шамасында болса, биыл 3,3% шамасында болады. Келер жылы да дәл осындай көрсеткішті сақтап қалады деп болжануда.

Әлбетте, түрлі халықаралық ұйымдардағы болжамдар түрліше болып келеді. Бұл

олардың бағалау критерийлеріне де байланысты. Жалпы ішкі өнімнің өсімін қарастырған тағы бір ықпалды аналитикалық орталық – Goldman Sachs Research биылғы жылды сенімді экономикалық өсім жылы деп қарайды. Оның есебінше дүниежүзілік ЖІӨ биыл орташа жылдық негізде 2,7%-ға өседі.

Жалпы ішкі өнімдегі өсімге қоса инфляцияның қысқаруы да биыл позитивті болжамдарға бейім тұр. Пандемиядан кейінгі қиын жағдай 2023 жылы оңалуға қарай бет алып, былтыр инфляция 5,4%-ды құраған еді. Ал 2025 жылы 3,8%-ға дейін төмендейді деп күтілуде. Экономистер бұған қарап әр елдегі орталық банктер пайыздық мөлшерлемені қолайлы деңгейге дейін төмендете алатынын айтады.

КӨШБАСШЫ
ЭКОНОМИКАЛАР

Басталып жатқан жылға қарата айтылған экономикалық болжамдар Трамптың

жаңа саясатының әсерін елемей қалмады. Айта кету керек, АҚШ экономикасы биыл да тұрақты өсім көрсетерін көптеген экономистер болжап отыр. Былайша айтқанда, қатарынан 3 жыл тұрақты өсім көрсете алмақ. Өзге дамыған елдердің экономикасы пандемиядан кейінгі дағдарыс кезінде мұндай нәтиже бере алған жоқ. Ал Трамптың жаңа тарифтік саясатының нәтижесінде Еуропадағы дамыған экономикалар биыл да өсім қарқыны жағынан АҚШ-тан әлдеқайда артта қалмақ.

Көшбасшы экономикалардың өсім көрсеткіші қазір орта-шығын елдерден төмен күйде. Қазақстан мен Орталық Азия елдерінің былтырғы экономикалық өсім көрсеткіші дамыған экономикаға ие елдерден әлдеқайда жоғары. Бірақ дағдарыстың әсері ең алдымен көшбасшы экономикаларға тиіп отыр. Былтыр, биыл және алдағы жылда ірі экономикалар қаншалық өсім көрсеткенін мына кестеден көруге болады.

Әлем елдері	2024	2025	2026
Үндістан	6,8	6,9	6,8
Индонезия	5,1	5,2	5,1
Қытай	4,9	4,7	4,4
Ресей	3,9	1,1	0,9
Түркия	3,5	2,6	4,0
Бразилия	3,2	2,3	1,9
Испания	3,0	2,3	2
АҚШ	2,8	2,4	2,1
Оңт. Корея	2,3	2,1	2,1
Мексика	1,4	1,2	1,6
Канада	1,1	2,0	2,0
Австралия	1,1	1,9	2,5
Франция	1,1	0,9	1,0
Сауд Арабиясы	1,0	3,6	3,8
Оңт. Африка	1,0	1,5	1,7
Британия	0,9	1,7	1,9
Италия	0,5	0,9	1,2
Германия	0,0	0,7	1,2
Жапония	-0,3	1,5	0,6
Аргентина	-3,8	3,6	3,8
Жаһан	3,2	3,3	3,3
Еуроодақ	0,8	1,3	1,8
G20	3,3	3,3	3,2

Естай БОЖАН,
сарапшы.



МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ

ҚАНДАСТАР МЕН ҚОНЫС
АУДАРУШЫЛАР

үшін 2025 жылға арналған өңірлік квота бекітілді

Қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың 2025 жылға арналған өңірлік квотасы 9653 адам деп белгіленді, бұл өткен жылмен салыстырғанда, 170 адамға артық, деп хабарлайды ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.

2025 жылы өңірлік квота облыстар бойынша қандастар үшін: Павлодар облысы – 1056 адам, Ақмола облысы – 285 адам, Шығыс Қазақстан облысы – 269 адам, Абай облысы – 244 адам, Солтүстік Қазақстан облысы – 175 адам, Қостанай облысы – 150 адам, Атырау облысы – 100 адам, Батыс Қазақстан облысы – 30 адам;

2025 жылы өңірлік квота облыстар бойынша қоныс аударушылар үшін: Павлодар облысы – 3050 адам, Солтүстік Қазақстан облысы – 2969 адам, Қостанай облысы – 535 адам, Шығыс Қазақстан облысы – 372 адам, Абай облысы – 255 адам, Ұлытау облысы – 125 адам, Қарағанды облысы – 38 адам.

Қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізілген



адамдарға мемлекеттік қолдау шарасы көрсетілетін болады, атап айтқанда:

– көшуге субсидиялар – отбасының әрбір мүшесіне 70 АЕК бойынша біржолғы төлем;
– 12 ай ішінде бір отбасына 15-тен 30 АЕК-ке дейін төленетін тұрғын үйді жалдау (жалға алу) және коммуналдық қызметтерге ақы төлеу бойынша шығыстарды жабу үшін субсидиялар;
– 400 АЕК мөлшерінде қоныс аударуға жәрдем көрсететін жұмыс берушілер үшін субсидиялар;
– қысқа мерзімді кәсіптік оқытуға жолдама;

– жұмысқа орналасуға немесе кәсіпкерлік бастаманы дамытуға жәрдемдесу;

– тұрғын үй сатып алуға экономикалық мобильділік сертификаттарын беру.

• 2024 жылы 19,7 мыңнан астам этникалық қазақ тарихи отанымен табысып, қандас мәртебесін алды. 1991 жылдан бастап 2025 жылғы 1 қаңтар аралығында 1 млн 148 мыңнан астам этникалық қазақ тарихи отанына оралды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

БРИФИНГ

ЗЕЙНЕТАҚЫ МЕН
ЖӘРДЕМАҚЫ ӨСТІ

Алматы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте әлеуметтік төлемдер мен зейнетақының биыл қаншалықты өскені жайлы айтылды. Биыл республикалық бюджеттен әлеуметтік міндеттемелерді орындауға 5,982 трлн теңге бөлінді. Бұл өткен жылмен салыстырғанда, 14%-ға артық.



Нұржамал
ӘЛПШ

Бұл туралы ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментінің басшысы Асқар Ниязов мәлімдеді.

А.Ниязов айтып өткендей, бюджеттің көп бөлігі, атап айтқанда 4,262 трлн теңге зейнетақымен қамсыздандыруға бағытталған. Бұл республика бойынша шамамен 2,5 млн зейнеткерді қамтуға мүмкіндік береді, жалпы зейнеткерлер саны өткен жылмен салыстырғанда 77,8 мың адамға өскен.

Салыстыру үшін, 2023 жылы осы мақсаттарға 3,752 трлн теңге бағытталды, оның 438,5 млрд теңгесі тек Алматыда 252,8 мың зейнеткердің төлемін қамтамасыз етті.

«2025 жылғы 1 қаңтардан бастап ең төменгі базалық зейнетақы 32 360 теңгеге дейін, ал ең жоғары зейнетақы 50 851 теңгеге

дейін ұлғаяды. Сонымен қатар, ынтымақты зейнетақы 8,5%-ға өседі, бұл болжамды инфляция деңгейінен 2%-ға артық», – деді ӨКҚ спикері.

Көпбалалы отбасыларды әлеуметтік қолдау шеңберінде балалардың тууына арналған бір-жолғы жәрдемақылар да көбейтілді. Енді 4 және одан да көп бала үшін ата-аналар 232 596 теңгенің орнына 247 716 теңге алатын болады. Төрт баласы бар отбасылар үшін ай сайынғы төлемдер 63 030 теңгеге дейін, ал он баласы бар отбасылар үшін 157 280 теңгеге дейін ұлғаяды.

Мүгедектігі бар адамдарды қолдауға көп көңіл бөлінеді. Олар үшін де жәрдемақы өседі. Мысалы, I топтағы мүгедектігі бар адамдар үшін төлемдер – 101 702 теңгені, II топ үшін – 81 362 теңгені, ал III топ үшін 55 474 теңгені құрайды.

Бұдан басқа, басқа да әлеуметтік төлемдерді алатын 2,3 млн адамды әлеуметтік төлемдермен қамтамасыз ету үшін 2025 жылға арналған республикалық бюджетте 720 млрд теңге қарастырылған.



ДЕНСАУЛЫҚ

«ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ»

48 заманауи автокөлікпен толықты



Жаңа жыл қарсаңында Алматының медициналық жедел жәрдем қызметінің автопаркі JAC Sunray маркалы (оның 12-сі «С» класты және 36-сы «В» класты көлік) 48 заманауи автокөлікпен толықты.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

ИНЖЕНЕРЛІК
ЖЕЛІЛЕР
ЖАҢАРАДЫ

Алматының Энергетика және сумен жабдықтау басқармасында 2025 жылға арналған жылу және электрмен жабдықтау инфрақұрылымын жаңғырту жоспарлары туралы айтылды.

2024 жылы қалада 20 шақырым жылумен жабдықтау желілері, 220 шақырым электрмен жабдықтау желілері жаңартылып, 85 қазандық қайта құрылды. Бұл шаралар жылу беру тиімділігін айтарлықтай арттырды.

Биыл ауқымды міндеттер жоспарланған. Атап айтқанда, 40 шақырым жылумен жабдықтау желілерін және 240 шақырым электрмен жабдықтау желілерін жаңғырту, сондай-ақ 21 қазандықты қайта жаңарту. Қабылданатын шаралар инфрақұрылымның тозуын едәуір төмендетуге мүмкіндік береді.

2024-2025 жылдары жылумен жабдықтау желілерінің тозуы 3,8%-ға төмендеп, 54,1% болса, электрмен жабдықтау желілерінің тозуы 1,7%-ға азайып, 63,3%-ға жетеді.

Айта кетейік, Алматыда қала әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасы аясында жүргізіліп жатқан инженерлік инфрақұрылымды жаңарту үшін тиімді қаржы бөлуді қамтамасыз ететін инвестициялық бағдарламаларды қолдану болмақ.

ОРТАША ЖӨНДЕУ

БИЫЛ 35 ШАҚЫРЫМ
ЖАҢА ЖОЛ САЛЫНАДЫ

Алматы қалалық мобильділік басқармасының мәліметінше, биыл қалада шамамен, 300 км жолға, 30 км жаяу жүргіншілер жолына орташа жөндеу жүргізу, сондай-ақ 35 км жаңа жол салу жоспарланған.

«Жас қанат», «Шұғыла», «Әлмерек», «Ақжар», «Рахат», «Мәдениет» және «Боралдай» шағынауданы сынды қалаға қосылған аумақтарда жаңа жол салу 70 мыңнан астам тұрғынға көлік қатынасын едәуір жақсартуға мүмкіндік береді.

Бұл жұмыстар қаладағы сапалы жолдардың үлесін 2024 жылы 92%-дан 2025 жылы 95%-ға дейін арттыруға септігін тигізеді.

Жаңа көліктер реанимациялық құрылғылар, дефибриляторлар, электрокардиографтар, өкпені жасанды желдету аппараттары және т.б. құралдар сынды әлемдік брендтердің заманауи медициналық жабдықтарымен жабдықталған. Бұл медициналық жедел жәрдемді жоғары деңгейде көрсетуге мүмкіндік береді.

Автопарк Алматы қаласы әкімдігінің және Қоғамдық денсаулық басқармасының қаржыландыруы арқасында жаңарды. Келесі жылы тағы 50 жедел жәрдем көлігін сатып алу жоспарланған.

Күн сайын 186 бригада кезекшілік аткарып, 3 мыңнан астам шақыртуға қызмет көрсетеді.

2024 жылдың 11 айының қорытындысы бойынша 990 мыңнан астам шақырту орындалды. Бірінші және үшінші санаттағы шақыруларға жету уақыты орта есеппен 12,6 минут, бұл ұлттық стандарттарға сәйкес келеді. Осы кезеңде 142 сәтті реанимация жасалды.

Бүгінде Алматы қаласының жедел жәрдем қызметі қаланың әр ауданында орналасқан 13 қосалқы станциядан тұрады. Бұл шақыруларға жылдам жауап беруді қамтамасыз етеді. 2024 жылдың жазында «Алтай-1» шағынауданында жаңа қосалқы станция ашылды. Ол жедел көмек көрсету қызметін одан әрі қолжетімді етті.

АЛМАЛЫ АУДАНЫ

СУМЕН ҚАМТУ –
МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕ

Алматының Алмалы ауданында бұрын орталықтандырылған инженерлік коммуникация болмаған жеке секторда сумен жабдықтау және су бұру желілерінің құрылысы аяқталды.

Маңызды жобалардың бірі – Индустриальная, Циолковский, Волховская және т.б. 12 көшеде су құбыры желілері салынды. Бүгінде осы көшелердің тұрғындары орталықтандырылған сумен жабдықтау және су бұру жүйелерімен қамтамасыз етілген.

Сонымен қатар, жобаны жүзеге асыру аясында ұзындығы 15 км болатын 19 көшені қамтитын жаңа кәріз желілері орнатылды. Бұл көшелердің алтауында жеке сектордың құрылысынан бері орталықтандырылған кәріз желілері болмаған. 2025 жылы қалған 13 көшеде жобаны іске асыру жалғасады. Қабылданған шаралардың нәтижесінде 6,8 мың тұтынушы орталықтандырылған инженерлік желілермен қамтамасыз етіледі.

Төле би көшесі мен Волховская көшесінің қиылысындағы су құбыры сорғы станциясы да ойдағыдай жаңартылып, күрделі жөндеуден өтті. Бұрын станция апатты жағдайда болған және оның жабдықтары 1992 жылдан бері жөнделмеген. Реконструкциядан кейін 4 көпқабатты үйдің 500-ден астам тұрғыны үздіксіз сумен қамтамасыз етілді.

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасымен 2024 жылдың басынан бері 219 км жаңа су құбыры және кәріз желілері салынып, 27,3 км бар желілер жаңартылды. Бұл 60 мыңға жуық абонентті қамтуға мүмкіндік берді. 2025 жылы 240 км су құбыры желісін салу және 48 км желіні жаңғырту жоспарланған.

ЖОЛ ҚҰРЫЛЫСЫ

КӨЛІК ЖҮКТЕМЕСІН АЗАЙТАДЫ

Мегаполисте ашылған жолайрықтар қаланың инфрақұрылымын жақсартып, көлік қозғалысының тиімділігін арттырады. Бұл шешімдер урбанизация мен көлік санының өсуіне бейімделудің маңызды көрсеткіші болып табылады.

Мәселен, биыл Алматыда бірқатар жолайрықтардың құрылысы аяқталады. Алматы қалалық мобильділік басқармасының мәліметінше, биыл қалада Сейфуллин даңғылы мен Жансүгіров көшесінің қиылысындағы жолайрықтың құрылысы, сондай-ақ Саин көшесін Рысқұлов даңғылынан Ақын Сара көшесіне дейін және Абай даңғылын қаланың шекарасына дейін ұзарту жұмыстары аяқталады.

Мамыр айында Абай даңғылын Б.Момышұлы көшесінен қаланың шекарасына дейін ұзарту жобасы іске қосылады. Ұзындығы 5,3 км болатын бұл алты жолақты жолдың екі жағында да веложолдар мен жаяу жүргіншілер жолдары қарастырылған.



Жазда Саин көшесін Рысқұлов даңғылынан Ақын Сара көшесіне дейін ұзарту жұмыстары аяқталады. Ұзындығы 3,2 км болатын бұл жолдың арқасында Момышұлы көшесіндегі көлік жүктемесі 40%-ға төмендейді.

Маусым айында Жансүгіров көшесі мен

Сейфуллин даңғылының қиылысындағы жолайрықтың құрылысын және оған іргелес аумақты көркейту жұмыстарын толық аяқтау жоспарланып отыр.

Бетті әзірлеген
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ



Суреттерді түсірген Самат Құсайынов.

ҚАР ТАЗАЛАУ

АЛМАТЫНЫҢ КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТІ

күшейтілген режимде жұмыс істеп жатыр

Қарды уақытылы және тиімді тазалау тек көлік қатынасы үшін емес, тұрғындардың жалпы қауіпсіздігі мен жайлылығы үшін маңызды. Қазіргі таңда Алматының коммуналдық қызметі күшейтілген жұмыс режиміне көшіп, жұмыс істеп жатыр.

Қалада 7 қаңтардан 8 қаңтарға қараған түні қалаға қар жауып, түске дейін жалғасты. Қардың қалыңдығы сағат 12.00-де 15 сантиметрге, ал таулы аймақтарда 20–30 сантиметрге жетті.

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Бейбіт Шахановтың айтуынша, коммуналдық қызмет көшелерді, жолдарды және тротуарларды күреуге жедел кірісіп, қар шығару жұмыстарын тәулік бойы жүргізуде.

– 8 қаңтар сағат 00.00-ден 11.00-ге дейін қалада шамамен 15 сантиметр қар жауды. Сағат 01.00-де жолдарды көктайғаққа қарсы қоспалар себу басталды. 4.30-дан бастап қарды жол жиегіне ысыру жұмыстары жүргізілді. Одан кейін қар үйінділерін жүк көліктеріне тиеу және оны арнайы полигондарға шығару жұмыстары жүргізіледі. Бұл жұмыс алдымен орталық және магистральді көшелерде жүргізіледі, себебі тұрғындардың негізгі бөлігі осы жолдармен жүреді. Одан кейін аудандық деңгейдегі жолдарға көшеміз, – дейді ол.

Жалпы қабылданған нормаға сәйкес магистральді көшелер 3 күнге дейін, аудандық маңызы бар көшелер 7 күнге дейін тазаланатын.

Спикердің айтуынша, күндізгі уақытта 500-ге жуық арнайы қар тазалау техникасы және 1100-ден астам жұмысшы жұмылдырылған. Түнгі уақытта да шамамен осындай көлемде техника мен жұмысшылар жұмысқа шығады. Жұмысшылар қарды көлік аз кезде түнде тазалауға тырысады.

Қалада жолдарды қардан тазалайтын техника белсенді түрде жаңартылуда. Соңғы 2 жылда шамамен 140 жаңа заманауи техника

сатып алынған. Бұл жұмыс биыл да жалғасын табады. Одан бөлек, жылдамдықты арттыратын және қол еңбегін тиімді алмастыратын жаңа техникалар сатып алынады. Бұл қар шығару жұмысының сапасын жақсартады.

Былыр қалада көріктендіру ережелері қабылданды. Соған сәйкес, көріктендіру төлқұжаттары енгізілді. Енді сауда нысандары мен мекемелер өздерінің аумағын таза ұстауға, соның ішінде қарды күреуге міндетті.

Құрметке лайық жандар

Алматыда коммуналдық қызметтердің 1800-ден астам қызметкері мен жүздеген техника бірлігі 7-8 қаңтар аралығында қаланы қалыңдығы 16 сантиметр қалың қардың салдарымен күресуде. Қар тазалау жұмыстары қала көшелерінде де, тұрғын аудандарда да тәулік бойы жүріп жатыр.

«Жол төсемі көктайғаққа қарсы құралдармен өңделді, сондай-ақ қоғамдық көлік аялдамалары тазартылды. Осыдан кейін біз қарды сыпырамыз және тырмалаймыз. 2 түн ішінде қала бойынша 15 200 текше метрге жуық қар сыртқа шығарылды», – деді «Алматы Тазалық» МКК бас инженері Әсет Төлегенов.

Ол тазалау процесі ауа райының көлік қозғалысына әсерін азайту үшін ұйымдастырылғанын атап өтті.

«Біздің бригадалар үйлесімді жұмыс істейді, ал заманауи техника процесі жылдамдатуға және тазалаудың жоғары сапасына қол жеткізуге мүмкіндік береді», – деп атап өтті.

Медеу ауданының жол жұмысшыларының аға бригадирі Дина Мұнарбаева осы салада сегіз жылдан астам жұмыс істеп келе жатыр. Оның командасы қиын жағдайларға қарамастан жедел әрекет етуге дағдыланған.

«Қала көшелерін қауіпсіз ұстау үшін аязға және түнгі ауысымға қарамастан қарды тез тазалаймыз. Біздің бригадада жаңажылдық көңіл күй бар. Бұл командалық рухты сақтауға және тапсырмаларды тиімді орындауға көмектеседі», – дейді ол.

Дина Мұнарбаева әріптестеріне жұмыс барысында позитивті көңіл күй сыйлай бі-

летін жан. Ол ән айтқанды ұнатады және оның репертуарында қарапайым және сүйікті әндер бар. Оның әндері жұмыс атмосфера-сын аязды күндері де жағымды етеді.

«Қар, аяз – бұл жай ғана табиғат. Ал біздің оптимизміміз кез келген қолайсыз ауа райынан күшті», – дейді Дина Мұнарбаева. Ол әрқашан әріптестеріне әзілдер мен жылы сөздермен қолдау көрсетіп, оларға суық ауысымдарды жеңуге көмектеседі. Оның ұйымдастырушылық шеберлігі ең қиын жағдайлардың да шешімдерін тез табуға мүмкіндік береді.

«Біз алғыс үшін емес, қала тұрғындары өз өмірлерін өзгеріссіз жалғастыра алатындай етіп жұмыс істеп жатырмыз», – дейді ол әңгіме барысында.

Қалалық қызметтер қар тазалау үзіліссіз жалғасатынын айтып отыр. Алдағы күндері шағын көшелер мен кварталаралық жолдарды тазалау жоспарлануда. Ал Дина Мұнарбаева сияқты мамандардың арқасында, Алматы тіпті ең қатал ауа райында да таза және қауіпсіз болып қала береді.

Кедергі жұмысты баяулатады. Қала жолдары уақытылы әрі үздіксіз тазартылуы үшін Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы қала тұрғындарына автокөліктерді, әсіресе, түнгі уақытта, жол жиегінде қоймауға, жолдар мен автотұрақтар бойына орнатылған ескерту конустарына назар аударуға кеңес береді.

Мамандардың айтуларынша, қар шығару жұмыстары таулы және тау бөктеріндегі аудандарда ерекше назарға алынып, қар күреу жұмыстары белсенді жүргізіледі.

• КЕРЕК КЕҢЕС

Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы мұз қату қаупіне байланысты жүргізушілерге жылдамдықты асырмауға, көліктер арасындағы қашықтықты сақтауға және қар тазалау жұмыстары жүріп жатқан аумақтарға көлік қоймауға кеңес береді. Жаяу жүргіншілерге, әсіресе, көру мүмкіндігі шектеулі жандар тайғақ жолдарда, жолдан өткенде сақ болғандарыңыз жөн.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Жолда абай болыңыздар!

Таңғы 9-дағы мәлімет бойынша қалада 14 см, Каменск үстіртінде – 22 см, Шымбұлақта – 20 см қар жауды. Жауын-шашын мөлшері 9 мм болып, айлық норманың (35 мм) 26%-ын қамтыды.

Күндізгі уақытта 475 арнайы техника мен 1115 жұмысшы жұмылдырылды.

Қар жауа бастаған сәттен бастап 194 күмсеппіш техниканың күшімен көктайғаққа қарсы материал себіліп жатыр.

Таңғы сағат 9-дағы жағдай бойынша 3600 тонна материал пайдаланылды. Сағат 4.30-дан бастап жол патрульдік полиция көліктерінің бастап жүруімен қар күрейтін 25 техника колоннасы ұйымдастырылды.

Жанармай мен көктайғаққа қарсы материалдармен қамтамасыз етуге байланысты қар жаууы тоқтағаннан кейін сағат 12.00-де қайтадан тазалау жұмыстары жоспарланған.

Жол жиектеріндегі қар үйінділерін шығару жұмыстары басталды.

Көліктердің тұрақта тұрып қалмас үшін уақытша тұрақ «қалталарын» жартылай жабу тәжірибесі енгізілді, бұл қарды тез әрі сапалы шығаруға мүмкіндік береді.

75 шағын техниканың көмегімен тротуарлар, қоғамдық орындар, әлеуметтік маңызды нысандар, тұрақ «қалталары» тазалануда. Қоғамдық көлік аялдамалары мен жаяу жүргіншілер өткелдерін қолмен тазалау жұмыстары да қолға алынған.

«Қазгидромет» РМК болжауынша, күндіз ауа температурасы 0...-2 °C, ал 12.00-ден кейін -5...-7 °C-қа дейін төмендейді. Түнде -11...-13 °C болады. 13 қаңтарға дейін жауын-шашын болмайды.

КЕҢЕС

ЖЫЛУ ДА, ЭЛЕКТР ҚУАТЫ ДА ТҰРАҚТЫ

Қала әкімі Ерболат Досаевтың төрағалығымен өткен жедел кеңесте 2024-2025 жылдағы жылыту маусымының барысы талқыланды.

Энергетика және сумен жабдықтау, коммуналдық инфрақұрылымды дамыту, білім беру басқармаларының басшылары, сондай-ақ «Алматы жылу желілері» ЖШС, «Алматы ЖылуКоммунЭнерго» ЖШС, ШЖҚ «Алматы Су» МКК, «Алматы электр станциялары» АҚ, «Алатау жарық компаниясы» АҚ және «ҚазТрансГазАймақ» АҚ Алматы филиалының өкілдері өз саласындағы жағдай туралы баяндама жасады.

Алматыда жылыту маусымы 2024 жылдың қазан айының басында басталып, штаттық режимде өтуде. Жылыту жүйесіне 8863 көпқабатты тұрғын үй, 404 білім беру және 128 денсаулық сақтау нысаны қосылған.



Жылу және электр қуатын жеткізу тұрақты түрде жүзеге асып жатыр. Жылу көздері мен желілердегі температуралық режим бекітілген кестеге сәйкес қатаң сақталып отыр.

«Алматы ЖылуКоммунЭнерго» ЖШС-нің мәліметінше, қалада 85 қазандық бар, олардың барлығы технологиялық ақаусыз жұмыс істеп тұр. Жалпы, қаладағы жылу желілерінің ұзындығы 1385,3 шақырым. Жылыту маусымы басталғалы бері ешқандай ақау мен жаппай апаттық жағдай тіркелмеген. 2024 жылы қала тұрғындарын үздіксіз жылумен қамтамасыз ету мақсатында жалпы ұзындығы 20 шақырым болатын 23 жылу желісі нысаны жаңартылды.

Сонымен қатар, «Алматы электр станциялары» АҚ-ның нысандарында – 1-ЖЭО, 2-ЖЭО, Каскад ГЭС-і, Батыс жылу кешенінде – энергетикалық негізгі 56 қондырғыға жөндеу жұмыстары аяқталды. Қазандықтар, турбоагрегаттар, гидроагрегаттар жөндеуден өтті.

«АлЭС» АҚ-ның энергия көздерінде (1-ЖЭО, 2-ЖЭО, БЖК) мазут қоры 140% (25,6 мың тоннадан 18,3 мың тонна), көмір қоры 179% (302,8 мың тоннадан 168,6 мың тонна).

Қалада төтенше жағдайдың алдын алу мақсатында 400-ге жуық маман мен 100-ден астам арнайы техникасы бар 104 апаттық бригада жұмыс істейді. Қазіргі таңда «Алматы ЖылуКоммунЭнерго» ЖШС, «АлЖЖ», «АлЭС» АҚ, «АЖК» және ШЖҚ «Алматы Су» МКК коммуналдық қызметтері жоғары дайындық режимінде жұмыс істеп тұр.

Бетті әзірлеген Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



«ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫ ЖЫЛЫ»

2025 жыл – «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жарияланды. Президентіміз тұжырымдағандай, еңбекқорлық пен кәсібилік құндылықтары біздің қоғамымызда әрқашан бірінші орында болуы тиіс. Дәл осы мамандардың арқасында біздің ұлтымыздың жаңа сапасы қалыптасады. Бәсекеге қабілетті экономика мен елдің тұрақты прогресі үшін әртүрлі салалардың еңбек мамандықтарының беделін жүйелі түрде арттыру қажет.



КӘСІБИЛІК ЖӘНЕ ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ

біліктіліктің жаңа сапасын қалыптастырады

Алматы мемлекеттік бизнес колледжі – шамамен, 75 жыл бойы Қазақстанның шағын және орта бизнесі үшін мамандар даярлап келе жатқан табысты оқу орындарының бірі. Колледждің білім беру бағдарламалары жұмыс берушілермен бірлесіп әзірленеді, осылайша студенттер кәсіпорындарда жұмыс істеу үшін қажетті дағдыларды игеріп, өз бизнес жобаларын жүзеге асыра алады. «Жас маман» жобасы аясында болашақ аспаздар мен наубайшылар үшін зертханалар заманауи жабдықтармен қамтамасыз етіліп, Құзыреттілік орталықтары жұмыс істеуде. Колледждің оқытушылары Швейцарияда, Германияда және Францияда халықаралық тағылымдамадан өтеді.

Біздің түлектеріміз өз бизнесін құруға бағдарланады, оқу бағдарламаларымыз болашақ бухгалтерлер, маркетингтер мен менеджерлердің кәсіпкерлік дағдыларын, инновацияларды және креативтілікті, әлеуметтік жауапкершілікті дамытуға ықпал етеді. Олар табысты бизнестің ажырамас бөлігіне айналады. Түлектеріміздің кәсіби дағдылары мен білімдері компания-

лардың нарықтағы тұрақты дамуын және бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етеді.

Колледждер алдында тұрған негізгі міндет – жастар мен жұмыс берушілер және инвесторлар үшін тартымды орталыққа айналу. Осы мақсатта біздің колледж дуальды оқытуды белсенді түрде дамытып, мемлекеттік тапсырыс аясында нақты кәсіпорындар үшін кадрларды мақсатты даярлауды кеңейтеді, халықаралық салалық стандарттарды енгізуге және түлектерді сертифицикаттауға дайындалады. Икемді тәсілдерді қолдану және мансаптық мүмкіндіктерді дамыту жастардың еңбек мамандықтарына қызығушылығын едәуір арттыра алады.

Мемлекет басшысы ел азаматтарын елімізге адал қызмет етуге, сапалы білім алуға және тынымсыз еңбек етуге шақырды. Колледж ұжымы мен студенттері Президенттің бастамасын қолдайды және еліміздің экономикасын дамытуға өз үлестерін қосу үшін бар күш-жігерін жұмсауға дайын.

А.К.МҰҚАЖАНОВА,
Алматы мемлекеттік бизнес колледжінің директоры.

ЕҢБЕК ПЕН ШЕБЕРЛІК

бағаланатын уақыт

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Мақсатым – экономиканы және егемендікті нығайту» атты сұхбатында Жұмысшы мамандықтары жылына қатысты пікір білдірді. «Біз еңбек адамының абырой-беделін көтеріп, еңбекқорлық, кәсібилік сияқты құндылықтарды дәріптеу үшін әлі талай шаруа атқаруымыз керек. Экономиканың көптеген саласында жұмыс қолы жетіспейді. Жұмысшы мамандықтар мол әрі тез табыс табу тұрғысынан қызықтыра қоймауы мүмкін. Бірақ бұл мамандықтардың еңбек нарығында сұранысқа ие болатынына да, қоғамдағы мәртебесі жоғары болатынына да кепілдік бар», – деді Президент.

Алматы электромеханика колледжінің бүгінгі нарықтағы сұранысқа ие білікті, бәсекеге қабілетті жұмысшы мамандар даярлаудағы мәртебелі міндетті атқаруға қосар үлесі мол.

Колледжіміз электротехника және энергетика, транспорт салалары бойынша мамандар даярлаумен айналысады. Қазіргі кезде колледжде 872 студент білім алуда, оның ішінде жұмысшы мамандықтарын игеріп отырғаны – 730.

Президентіміз сұхбатта ерекше атап өткен «жасыл» энергетика, жел, күн және гидроэлектростанцияларын дайындау және орнату міндеттерін іске асыруға үлес қосу мақсатында биылғы жылы алғашқы рет «Жаңартылған энергетика» мамандығы бойынша жұмысшы мамандар тобына білім алушылар қабылданды.

2024 жылдың 24 сәуірінде әлеуметтік серіктесіміз «Smart Light Group» ЖШС көмегінің арқасында колледж шеберханасында заманауи құралдармен жабдықталған «Ақылды үй» зертханалық кабинеті іске қосылды.

2024 жылғы 10 қыркүйекте колледжіміздің базасында «Электр және электромеханикалық жабдықтар» құзыреттілік орталығы ашылды. Ол колледждердің студенттерін ғана емес, сонымен қатар ЖОО және ТЖКБ жеке ұйымдарының студенттерін практикалық оқытуды қамтитын, өндірістік кәсіпорындар

мен оқу орындары қызметкерлерін қайта даярлауды және біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын кәсіптік білім берудің инновациялық «хабын» құруға мүмкіндік береді, сондай-ақ WorldSkills қатысушыларын, сарапшыларын даярлауға арналған оқу-жаттығу лагері және чемпионаттарды өткізуге арналған алаң ретінде жұмыс істейді.

Алматы электромеханика колледжі қаламыздың көптеген ірі мекемелерімен серіктестікте жұмыс істейді. Дуальды оқыту жүйесі бағдарламасы негізінде студенттеріміз өздерінің кәсіптік практикаларын «Алматы электромеханика зауыты» ЖШС, «Алматы желдеткіш зауыты» ЖШС, «Сайман» прибор жасау зауыты» кәсіпорны, Энергетика және сумен жабдықтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алматы Су» МКК, «Mega Motors» ЖШС, тағы сол сияқты көптеген ірі мекемелерінде өтеді.

Сонымен, 2023 жылдан бастап «Колледжге неміс дуальды оқыту жүйесін енгізу» пилоттық жобасы іске асырылуда. Бұл жоба Германия Федеративтік Республикасының жұмыс берушілерімен академиялық ұтқырлық шеңберінде студенттер мен педагогтар алмасудың халықаралық бағдарламаларына қатысу үшін жоғары білікті кадрларды даярлау жөніндегі байланыстарды одан әрі нығайтуға ықпал



етуде. Жоба аясында колледж, Janser Consult GmbH көпсалалы консалтингтік компаниясы және Германиядан келген жұмыс берушілер – INK Magdeburg кәсіптік білім беру бөлімінің басшысы, Ib Mitte gGmbH компаниясының Германияның Орталық директоры, Hans Kupfer GmbH отбасылық кәсіпорнының өңірлік директоры, Sitex GmbH директорының орынбасары – арасында ынтымақтастық туралы ұшжақты меморандумға қол қойылды.

Өзара ынтымақтастық туралы Меморандум аясында 2025 жылдың қаңтар айынан бастап Германия компаниясына 4-курсның 20 студентін өндірістік практикадан өту үшін, ал колледждің 11 түлегін жұмысқа орналастыру үшін жіберу жоспарлануда.

2025 – «Жұмысшы мамандықтары жылы» біз үшін үлкен мүмкіндіктер жылы деп білеміз. Басты мақсатымыз – ел нарығының өсуіне, еліміздің дамуына үлес қосатын бәсекеге қабілетті, нағыз өз ісінің шебері болып табылатын жұмысшы мамандар даярлау!

Болатжан БОЗЫМБАЕВ,
техника ғылымдарының кандидаты,
Алматы электромеханика колледжінің директоры.

ТЕМІРЖОЛ МАМАНДАРЫН ДАЯРЛАУ:

жаңа мүмкіндіктер мен тәжірибе



Алматы көлік және коммуникациялар колледжі еліміз бойынша теміржол мамандарын даярлайтын оқу орындарының бірі және бірегейі. Колледжімізді бітірген түлектеріміз еліміздің экономикасының дамуына өз үлестерін қосып келеді. 95 жылдық тарихы бар колледжіміз бүгінгі таңда теміржол саласына 7 мамандық бойынша орта арнаулы кәсіби және жұмысшы мамандарын даярлайды. Колледжімізде студенттер жұмысшы мамандықтары бойынша тегін білім алып қана

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Жолдауында 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялағаны баршаға белгілі. Қоғамды әлеуметтік-экономикалық жаңғыртуда кәсіптік техникалық білім беру саласының маңызы орасан зор. Себебі, техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі еңбек нарығының талаптарына және ел экономикасының қажеттіліктеріне сәйкес бәсекеге қабілетті кадрларды даярлайды.

қоймай, бір уақыт ыстық тағаммен қамтамасыз етілген. Мамандар даярлауға арналған мемлекеттік тапсырыс жыл сайын айтарлықтай ұлғайтылып келеді.

Алматы көлік және коммуникациялар колледжінде дуальды оқыту жүйесі кең қолданыс тапқан. Бұл жүйе студенттерге тек білім ғана емес, нақты өндіріс тәжірибесін де алуға мүмкіндік береді. Дуальды оқыту арқылы колледж түлектері еңбек нарығында сұранысқа ие болады, олардың болашақта жұмысқа орналасу мүмкіндіктері жоғарылайды. Бұл жүйе бойынша мамандарды еңбек нарығына даярлаудың тиімді жолдарын әлеуметтік серіктестермен бірлесе отырып жүзеге асырып келеміз. Мұның бірқатар артықшылықтарын атап өтуге болады. Ең алдымен, теория мен практиканың үйлесімі. Студенттер оқу барысында тек лекциялар мен семинарларға қатысып қана қоймай, әртүрлі кәсіпорындар мен өндірістік орындарда тәжірибе жинақтайды. Колледж серіктес кәсіпорындармен келісім-шарттар жасасып, студенттерге нақ-

ты өндіріс орындарында тәжірибеден өту мүмкіндігін береді.

Екінші бір артықшылық, еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілік. Оқуға түскен күннен бастап, диплом алғанға дейін теміржол саласының барлық бағыттағы мамандықтарына сәйкес тәжірибе жинақтаған түлек тек диплом алып қана қоймай, жұмыс берушілердің талаптарына сай нақты кәсіби дағдыларға ие болады.

Үшінші артықшылық – бітіруші түлектердің жұмысқа орналасу мүмкіндігі. Студенттеріміз бір өндіріс орнында бірнеше жыл тәжірибеден өткен соң, сол кәсіпорындарда жұмысқа орналасу мүмкіндігі бүгінгі таңда жоғары деңгейде.

Дуальды оқыту жүйесін жүзеге асыру аясында колледж бен бірқатар ірі көлік және коммуникация саласындағы кәсіпорындар арасында ынтымақтастық бағдарлары жасалған. Олардың қатарында теміржол, логистика және байланыс қызметін көрсететін мекемелер бар. Атап айтсақ: «Қазақстан

теміржолы» ұлттық компаниясының Алматы жүк тасымалы бөлімшесі, Алматы магистральдық желі бөлімшесі, Алматы вагон пайдалану депосы, Алматы локомотив пайдалану депосы, Алматы жол дистанциясы, Алматы электрмен жабдықтау дистанциясы Алматы белгі беру және байланыс дистанциясы, «Вагонсервис» АҚ Алматы филиалы; «Шыңғар Транс» ЖШС, «Алматы метрополитені» МКМ, «TransCom» Transport Group және «Almatylift» ЖШС компанияларымен келісім-шарттар жасалынып, студенттерімізге өндірістік тәжірибеден өтуге жағдай жасалған.

Бұл кәсіпорындар студенттерге тәжірибеден өтуге мүмкіндік береді және болашақта түлектерді жұмысқа қабылдауға да дайын.

Жұмысшы мамандығының мәртебесін арттыру, өндірістік және технологиялық өсуіне, кәсіби біліктілікті айқындауға және кадрлар даярлау жүйесін дамытуға ықпал ететін WorldSkills кәсіби шеберлік чемпионатына колледж студенттері жыл сайын белсенді қатысады.

Алматы қаласы әкімдігінің және Алматы қаласы білім басқармасының қолдауымен бүгінгі таңда кәсіптік техникалық білім саласына аса мән беріліп, шет елдермен тәжірибе алмасуға қолдау көрсетілуде. Мақсат – кәсіптік техникалық білім беру саласындағы оқытушылардың кәсіби деңгейін көтеру, студенттерге білім беру сапасын жақсарту барысында қажетті материалдар жинақтау және білім беру бағдарламаларына жаңашылдықтар енгізу.

Қорыта айтқанда, колледжімізде білім беру сапасын арттыру, оқушыларымыздың кәсіби біліктілігін дамыту және жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін кеңейту бағытындағы жұмыстарды жоғары деңгейде жалғастыру жоспарланған.

Ербол МАҒАЗОВ,
Алматы көлік және коммуникациялар колледжінің директоры.



ҚАРЖЫ СЕКТОРЫ

ШОБ-қа қолдау көрсету жүйесін жетілдіру маңызды

— Алматы ел экономикасының доноры болып отырған бірден-бір аймақ саналады. Бұл деңгейді жоғарылату үшін қайтпек керек?

— Әлбетте, Алматының ел экономикасының доноры ретіндегі рөлі оның қаржылық орталық ретінде қалыптасқан беделіне және қаладағы жоғары экономикалық белсенділікке негізделеді. Бұл деңгейді одан әрі арттыру үшін бірнеше нақты бағытқа назар аудару қажет. Біріншіден, Алматыда шағын және орта бизнеске қолдау көрсету жүйесін жетілдіру маңызды. Қаланың экономикалық тірегі саналатын бұл сектор қазір әкімшілік кедергілерге және жоғары жалға алу құнына тап болып отыр. Бизнесі жеңілдетілген салықтық жүктеме, қолжетімді несие және инфрақұрылыммен қамтамасыз ету арқылы қолдау жаңа жұмыс орындарының құрылуына және қала экономикасының

Алматы экономикалық өсім көрсетіп тұрған бірден-бір аймақ. Мұнда бизнес жүргізу қолайлы. Халық нөпірі көп. Сервистік қызметтер жақсы жолға қойылған. Қала тұрғындары мен қонақтарына арналған түрлі қызмет пен ұсыныстар шоғыры да – осы ортада. Сол себепті, бұл мекен бизнес бастаудың қайнар көзі десек, артық айтқандық емес.

Сонымен қатар, әлемге әйгілі белгілі қаржы орталықтарының өкілдіктері, қаржыгерлер, сараптамышылар да осында шоғырланған. Олар дүниедегі доллар, еуро, рубль бағамы, теңгенің тұрақтылығы жайында болжам жасап, қоғамдық ортаға сараптауларын жеткізеді. Мегapolis пен жаһанның экономикалық ахуалы, қордаланған мәселелер жайында Sana Analytics орталығының сарапшысы, экономист Қуанышбек ДҮЙСЕНОВТІ әңгімеге тартқан едік.



АДАМИ КАПИТАЛ – зияткерлік байлық негізі

эртаптауына ықпал етеді. Екіншіден, өңдеу өнеркәсібін дамыту қажет. Алматының экономикасы негізінен сауда және қызмет көрсету салаларына тәуелді болғанымен, экспортқа бағдарланған өндіріс салаларының үлесін арттыру арқылы қала өз табысын көбейтіп, сыртқы нарықтарда бәсекеге қабілеттілігін күшейте алады. Үшіншіден, қалада адами капиталды дамыту басымдыққа ие болуы тиіс. Бұл Алматының білім беру саласындағы әлеуетін күшейтуді және жастардың еңбек нарығына бейімделуін жеңілдетуді қажет етеді. Халықаралық деңгейдегі білім беру бағдарламалары мен қайта даярлау курстарын енгізу арқылы жұмыс күшінің сапасын жақсарту маңызды. Төртіншіден, Алматыны сауда-саттық және логистика орталығы ретінде нығайту қажет. Сауда айналымын жеңілдету және көлік шығындарын азайту үшін заманауи технологияларды енгізіп, жаңа логистикалық тораптар құру керек. Бұл қалаға қосымша инвестиция тартып, экономикалық өсімді жеделдетеді. Алматының экономикалық донорлық деңгейін жоғарылату үшін шағын және орта бизнес, өндіріс, білім және сауда салаларын дамытуға бағытталған кешенді шаралар қажет. Бұл қадамдар Алматының тек Қазақстандағы ғана емес, бүкіл өңірдегі жетекші экономикалық орталық ретіндегі орнын бекіте түседі.

Алматы – экономикалық белсенділік деңгейі жоғары аймақ

— Алматыны Нью-Йорк, Дубай, Сингапур сияқты қаржы орталығына айналады аламыз ба?

— Бұл сұрақтың жауабын қарапайым «иә» немесе «жоқ» деп айту қиын. Себебі, мұндай жетістікке жету үшін Алматының қазіргі әлеуетін нақты бағалап, жүйелі түрде әрекет ету қажет. Алматы қаржы орталығы ретінде айтарлықтай мүмкіндікке ие, себебі ол еліміздің ірі қаласы және экономикалық белсенділік деңгейі жоғары аймақ. Алайда, бұл бағытта даму үшін алдымен қолайлы бизнес орта қалыптастыру қажет. Оған салықтық жеңілдіктер мен инвесторлардың құқығын қорғау сияқты шаралар кіреді. Бүгінде Астана халықаралық қаржы орталығы ретінде белгілі бір деңгейде осындай рөл атқарып жатыр, бірақ Алматының өзіндік ерекшеліктері бар. Қаланың географиялық орналасуы, тарихи беделі мен адами капиталы ерекше мүмкіндіктер береді. Сонымен қатар, қаржы инфрақұрылымын дамыту қажет. Бұл тек банктер мен биржалар ғана емес, заманауи цифрлық технологияларды қолдану арқылы қаржы жүйесін жетілдіруді де қамтиды.

Мысалы, блокчейн технологиясы немесе финтех секторын дамыту. Тағы бір маңызды нәрсе – адами капитал. Білікті мамандарсыз ешқандай қаржы орталығы өз қызметін тиімді жүргізе алмайды. Алматының жоғары оқу орындары мен халықаралық стан-



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

дарттарға сай оқыту жүйесін дамыту арқылы біз осы мәселеде жетістікке жете аламыз. Алматыны Дубай немесе Сингапур деңгейіне жеткізу бір күннің ісі емес. Бірақ бұл бағытта дұрыс басымдықтарды анықтап, жүйелі жұмыс істесек, қала қаржы орталығы ретіндегі мәртебесін айтарлықтай көтере алады. Жалпы, Қазақстан үшін қаржы орталығы болғанымен, әлемдік ірі қаржы орталығы болу үшін әлі үлкен жұмыс қажет. Теңгенің долларға шаққандағы бағамының күрт өзгеруі – нарықтағы түрлі ішкі және сыртқы факторлардың әсерінен туындап отырған құбылыс. Жалпы, экономикалық теория негіздеріне жүгінсек, ұлттық валютаны нығайту үшін ең алдымен экономиканың негізгі тіректерін күшейту қажет. Ең алдымен, шикізаттық емес секторды дамыту маңызды. Бүгінде теңге бағамы көбіне мұнай бағасына тәуелді, бұл экономиканы әлсіз етеді. Экспорттық тауарлардың әртараптандырылуы, өндірістік кәсіпорындарды дамыту және жаңа технологияларға инвестиция салу арқылы біз теңгенің тұрақтылығын қамтамасыз ете аламыз. Ал одан соң халықтың сенімін арттыру – валютаның тұрақтылығының басты кепілі.

Банктік жүйеге, ұлттық валютаға деген сенімді нығайту үшін инфляция деңгейін бақылауда ұстау, қаражатты ішкі нарықта сақтау шарттарын жақсарту қажет. Сондай-ақ, азаматтардың теңгемен жинақ жасауына ынталандыру тетіктерін қарастыру керек. Қысқасы, теңгені нығайту тек бір күндік шаралармен шешілмейді. Бұл – экономиканы кешенді түрде дамыту, валюталық саясатты икемді ету және халық пен бизнестің сенімін арттыру арқылы қол жеткізілетін ұзақ мерзімді процесс.

Әлеуеті мол шаһар

— Алматыда жас кәсіпкерлер қандай салада кәсіп ашса өркендейді?

— Жалпы, нақты бір саладан кәсіп ашып, ол толық өркендеп кетеді деп жауап беру қиындау. Елімізде «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы 100 нақты отандық нарықта жұмыс істейтін кәсіпорындардың толық бизнес жоспары мен үлгісін берген, одан тыс қаншама бастамаларға несиелеу мен субсидиялау бар. Әрі белгілі бір салада нақты кәсіптің тартымды болуы бірінші ретте қала мен қаланың іргелес тұрғындарының сұранысына, одан тыс b2b нарығында, яғни өзге бизнес өкілдерінде қандай сұраныс болады деген аспектілерге мән беру қажет.

Дегенмен, Алматыға тән қалаларда тиімді болатын бірнеше саланы тартымды деп атап өтуге болады. Ең алдымен, қызмет көрсету саласын қарастыруға болады. Алматының тұрғындары сапалы әрі ерекше қызметті бағалайды. Мысалы, авторлық кофехана немесе ерекше форматтағы тамақтану орындары табысқа жетуі мүмкін. Бірақ бұл салада бәсекелестік жоғары екенін ұмытпаған жөн.

Екінші перспективалы бағыт – IT және цифрлық технологиялар. Алматыда бұл сала енді-енді дамып келе жатқанымен, әлі де бос орындар көп. Бірақ мұнда білім мен бастапқы инвестицияның қажеттілігі маңызды. Егер идеяңыз жаңашыл әрі нарыққа қажет болса, осы бағытта табысқа жетуге мүмкіндік бар.

Сонымен қатар, жеткізу қызметтері мен логистика саласына назар аударған дұрыс. Онлайн сауданың қарқынды дамуы бұл бағыттағы бос орындарды толтыру қажеттілігін көрсетіп отыр. Бірақ бұл салада сенімді серіктестер мен жақсы ұйымдасты-

рылған процестер маңызды. Білім беру саласына да сұраныс бар. Әсіресе, тіл курстары, IT дағдыларын үйрету немесе балаларды мектепке дайындау курстары өзекті.

Сонымен қатар, қаламен іргелес жерде бала санының көбеюі, мектептердегі оқушыларға орын жетіспеушілігін, жекеменшік мектептер секілді қызметтерді ұсынуға болады. Дегенмен, ең маңыздысы – тек саланы емес, әр адам өз қабілеттері мен тәжірибесін және нарықтың нақты қажеттілігін ескеру. Алматыда кәсіп бастау оңай емес, себебі қаладағы тұтынушылар талапшыл әрі нарық бәсекеге толы.

— Қоғамда жаппай декларация тапсыру жайлы түрлі көзқарас бар...

— Халыққа жаппай декларация тапсырту – дұрыс қадам, бірақ бұл шараның қалай жүзеге асырылатыны маңызды. Мұндай бастаманың негізгі мақсаты – көлеңкелі экономиканы азайту, мемлекеттік кірістерді әділ реттеу және салықтық ашықтықты қамтамасыз ету. Бұл, әрине, экономика үшін пайдалы. Дегенмен, халықтың дайындық деңгейін ескеру қажет. Егер декларацияны тапсыру жүйесі күрделі, түсініксіз немесе артық әкімшілік жүктеме тудырса, бұл керісінше, наразылыққа әкелуі мүмкін. Ауылдық жерлерде, шағын бизнес өкілдері немесе өзін-өзі жұмыспен қамтушылар үшін мұндай міндет қиындық тудыруы ықтимал.

Сондықтан декларация жүйесін енгізбес бұрын, халықты ақпараттандыру және техникалық қолдау көрсету маңызды. Онлайн форматты енгізу, декларацияны толтыруды жеңілдету және түсіндіру жұмыстары бұл процесті барынша тиімді етеді. Жалпыласақ, бұл бастама дұрыс бағытта, бірақ оны жүзеге асыру барысы халық үшін ауыртпалық емес, жеңілдік болуы тиіс.

Іргі бастамалар бар

— Алматының маңайына зауыт-фабрикаларды көптеп салсақ, өнімдерді Қытайға, Орталық Азияға сатуға ыңғайлы жолайрық бола ала ма?

— Алматының маңайына зауыт-фабрикаларды көптеп салу идеясы қағаз жүзінде тартымды көрінуі мүмкін. Шынында да, қала өзінің географиялық орналасуы бойынша Қытай, Орталық Азия және Ресеймен сауда-экономикалық байланыстар үшін тиімді жолайрық бола алады. Бірақ бұл жерде бірнеше маңызды аспектіні ескеру қажет. Әуелі, өндірістік қуаттарды арттыру – бұл тек ғимараттар тұрғызу емес. Ол жоғары сапалы инфрақұрылым, қолжетімді логистика және тиімді көлік жүйесін қажет етеді. Алматының маңайындағы жолдар мен өткізу пункттерінің өткізу мүмкіндігі шектеулі екенін ұмытпайық. Егер өндіріс көлемі артса, бұл мәселелер шешілмесе, өнімді сату процесі қиынға соғады. Одан соң еңбек ресурстары. Алматының айналасында еңбек күші жеткілікті, бірақ білікті мамандардың тапшылығы байқалуы мүмкін. Жаңа зауыт-фабрикаларды салу үшін кәсіби кадрларды даярлау қажет болады, бұл өз алдына қосымша уақыт пен ресурстарды талап етеді.

Сонымен қатар, Қытай мен Орталық Азия нарықтарында бәсекелестік өте жоғары. Егер біз тек шикізаттық немесе қарапайым өндіріс саласына ғана назар аударсақ, бұл нарықтарда тиімді болуымыз екіталай. Сондықтан өндіріс тек көлемге емес, сапа мен инновацияға негізделуі керек. Осылайша Алматының маңайында зауыт-фабрикаларды салу белгілі бір мүмкіндіктерді ашады. Бірақ бұл бастама тек дұрыс жоспарлау, инфрақұрылымды жаңғырту, кадрларды даярлау және бәсекеге қабілетті өнім шығару жағдайында ғана іске аса алады. Әйтпесе, тек жаңа проблемалар туындауы мүмкін.

Егер бүгінгі күні табиғи ресурстарға ғана сеніп, экономиканы әртараптандырмасақ, ертеңгі күні қиындықтарға тап болуымыз әбден мүмкін. Мұнай, газ, пайдалы қазбалар таусылған жағдайда экономикамызда оларды алмастыратын тұрақты секторлар болмай қалса, бұл халық үшін ауыр соққы болмақ. Сондықтан қазірден бастап ұлттық байлықты тек тұтынбай, оның негізінде мықты адами капиталды дамыту қажет. Білім беру жүйесін жетілдіру, ғылым мен инновацияға инвестиция салу – болашаққа салынатын ең үлкен капитал.

Экономиканың өндіріс, ауыл шаруашылығы, IT және қызмет көрсету салалары сияқты секторларын дамыту арқылы біз табиғи ресурстарға тәуелділікті азайта аламыз. Табиғи ресурстарды елдің нағыз капиталы – адами және зияткерлік байлыққа айналдыра алсақ, үміт оты жағылады.


Әңгімелескен
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.

КИНОКЕҢІСТІК

БАЛАЛАР КИНОСЫ

Ана тіліндегі сапалы контентке сұраныс артты

Қазақ киносы соңғы жылдары қарқынды даму үстінде. Көптеген жаңа жобалар, жанрлардың сан алуандығы және халықаралық деңгейдегі жетістіктер қазақ киносының өркендеуіне айқын дәлел болуда. Соның ішінде қазақ тіліндегі анимациялық фильмдер мен шетелдік туындыларды қазақша сөйлету жұмыстарын ерекше атап өте аламыз.



әлемдік премьералардың саны рекордтық көрсеткішке жетті. Алдағы уақытта бұл үрдіс жалғасады, бұл балалар мен жастар үшін ерекше тиімді», – дейді ол.

Шетелдік фильмдерді қазақша сөйлетумен қатар, ұлттық кейіпкерлерге негізделген анимациялық фильмдер жасау қажеттілігін де ойластыру керек секілді. Мысалы, қазақ халық ертегілеріндегі Жезтырнақ, Ақсақ құлан, Ертөстік секілді кейіпкерлерді жаңашылдықпен таныстыру арқылы әлемдік аудиторияға ұсынуға болады. Қазақтың бай мәдени мұрасы мен тарихи оқиғаларын көрсететін анимациялық фильмдер балалар мен жасөспірімдердің қазақ мәдениетіне деген қызығушылығын арттыратыны сөзсіз. Сондай-ақ, бұл ұлттық киноның дамуына тың серпін береді.

Қазақ киносының қазіргі жағдайы үміт күттіреді. Шетелдік студиялардың қазақ тіліне бет бұруы, дубляж сапасының артуы және ұлттық тақырыптағы фильмдердің көбеюі – осының бәрі қазақ киносының дамуына оң әсерін тигізуде. Қазақ киносы болашақта ұлттық идеяларды насихаттап, жаңа технологияларды қолдана отырып, әлемдік деңгейдегі фильмдерді шығаруға толық мүмкіндікке ие. Ұлттық киноиндустрияны қолдау арқылы қазақ тілі мен мәдениетін халықаралық деңгейде таныту жолында үлкен жетістіктерге жетуге болады. Көптеген жаңа туындылардың шығуы, шетелдік фильмдердің қазақша дубляжы және ұлттық мазмұндағы фильмдер жасауға деген ұмтылыс – қазақ киносының қарқынды дамуының айқын көрінісі.

кәсіби деңгейде жасалып, қазақ көрермендерінің көңілінен шыққан туынды болды. Фильмді дубляждауға еліміздің танымал актерлері мен әншілері қатысып, қазақ тілінің байлығын көрсете алды. Дубляж процесінде қолданылатын технологиялар мен мамандардың кәсібилігі қазақ дубляжының сапасын арттырды.

«Қазақ тілі» қоғамының президенті Рауан Кенжеханұлының айтуынша, қазақ дубляжының басты міндеті – әлемдік фильмдерді ұлттық болмысқа сай бейімдеп, көрерменге ұсыну. «Ол үшін тәжірибе мен қазақы ұғымға негізделген сапалы аударма қажет. Президент бұл бағытта дубляж мектебін ашу және білікті мамандарды тарту жоспарланып отырғанын айтты. Әлемдік анимациялық фильмдерді қазақ тіліне аудару – балаларды ана тілінде сөйлеуге, ойлауға баулу үшін маңызды. Қазақша дубляжды қолдау арқылы оның ауқымын кеңейтіп, тіліміздің тартымдылығын арттыра аламыз. Биыл қазақ тіліндегі

көрермендердің ықыласына бөленді. Бұл фильмдер тек қазақ мәдениетін ғана емес, қазақ халқының тарихын, салт-дәстүрін әлемге танытты.

Сонымен қатар, балалар фильмдеріндегі қазақ тілі жаңа мүмкіндіктерге ие болды. Қазақша анимациялық фильмдер жасау – ұлттық кино өндірісінің маңызды бағыты. Балаларға арналған сапалы туындылар жасау қажеттілігі бүгінгі күннің өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Осы тұрғыда шетелдік фильмдерді қазақша дубляждау жұмыстары ерекше маңызға ие. «Disney» секілді әлемдік киноиндустрия алыптарының туындыларының қазақ тілінде сөйлеуі – үлкен жетістік.

Жақында «Моана-2» анимациялық фильмі қазақ тілінде дубляждалып, көрерменге ұсынылды. Бұл фильмнің дубляжы

Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдар қазақ киносы үшін маңызды өзгерістер кезеңі болды. Алғашқы кезде тарихи тақырыптағы фильмдер басым түссе, кейінгі жылдары түрлі жанрдағы туындылар көбейіп, аудиторияның сұранысына сай келетін өнімдер жарық көре бастады. Соңғы онжылдықта қазақ киносы халықаралық деңгейде танылып, беделді кинофестивальдерде марапаттарға ие болып жүр. Мәселен, режиссер Дархан Төлегеновтың «Ұлы дала зары» фильмі әлемдік фестивальдерде жоғары бағаланған кинолардың бірі болды. Сондай-ақ, Нұрбек Егеннің «Желсіз түнде жарық ай» туындысы да

ДӘРІС

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейінде С.Баянованың жетекшілігімен «Музей ым-ишара тілінде» жобасы аясында есту қабілеті нашар балаларға арналған «Жеті қазына» музейлік сабағы өтті.

Нұржамал
ӘЛІШ

Дәріске №1 арнайы-мектеп интернат оқушылары қатысып, «Жеті қазына» көрмесіндегі көшпелілердің жеті қазынасын құрайтын мүсіндермен танысты. Олар жылқы, бүркіт, аңшы иті – тазы, мылтық, пышақ, балық аулау торы, қақпан сынды бұйымдардың тарихынан хабарлар болды. Экскурсиялық шолу барысында балаларға жылқыға қатысты ақпараттар көп айтылды. Себебі, жылқы – қазақ мәдениетінде ерекше маңызға ие жануарлардың бірі.

Жылқы тақырыбы О.Таңсықбаев атындағы Алматы сәндік-қолданбалы өнер колледжінің кескіндеме мамандығы бойынша арнайы пәндер оқытушысы

«ҚОЖА АҚЫЛДЫ
ТЕНТЕК ПЕ?»Балалар осы сұрақ негізінде
өзара пікір алмасты

А.Жүргенов және колледж студенттері өткізген «Жылқы – жігіттің мақтанышы» кескіндеме шеберлік сабағында жалғасын

тапты. Балалар киелі жануардың суретін асқан қызығушылықпен, ынтамен бояды.

Аталған музейдің тағы бір



тағылымды музейлік сабағы жеткіншектердің көңіліне шыққан сыңайлы. Педагогика бөлімінің мамандары белгілі балалар жазушысы Б.Сокпақбаевтың 100 жылдық мерейтойына орай және «Бір ел – бір кітап» акциясы негізіндегі көшпелі білім беру бағдарламасы бойынша «Шыңға өрлеу» әлеуметтік үйі орталығында 5-сынып оқушыларына арналған «Қожамен балалық шаққа саяхат» музейлік сабағын өткізді.

Сабақ балалар әдебиетінің классигі, әлем таныған жазушы Бердібек Сокпақбаевтың өмір жолымен таныстырудан бастал-

ды. Одан әрі «Менің атым Қожа» повесі бойынша арнайы слайдпен фильмнен үзінділер келтіре отырып, басты кейіпкердің мінез-құлқы талқыға түсті.

Дәріс соңында оқушылар өздерінің Қожаға ұқсас тұстарын, бастарынан кешкен оқиғаларды айта отырып, «Қожа ақылды тентек пе?» деген сұрақ негізінде пікір алмасты.

Сабақтың басты мақсаты: оқушыларды қазақ классик жазушыларының шығармаларына қызықтыру, кітап оқуға дағдыландыру және кітап кейіпкерлері арқылы адами болмыстарын қалыптастыру.



ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

«ШЫМБҰЛАҚ» ЖӘНЕ «МЕДЕУ»

тек спортшылар үшін ғана емес, туристер үшін де тартымды орынға айналды

Алматы – Қазақстанның спорттық және мәдени орталығы, ерекше табиғаты, дамыған инфрақұрылымы және спорттық дәстүрлерімен халықаралық аренадан өз орнын алған қала. Соңғы онжылдықта Алматыда бірнеше ірі халықаралық спорттық жарыстар өтті. Бұл оқиғалар қаланың спорт саласындағы мәртебесін арттырып қана қоймай, оның экономикасы, туризм мен инфрақұрылымына айтарлықтай әсер етті.



талықтарына айналды. Олар спорттық жарыстардан бөлек, мәдени іс-шаралар концерттер және қоғамдық іс-шаралар өткізу үшін қолданылады. Бұл инфрақұрылымның әртүрлі мақсатта пайдаланылуы қаланың экономикалық пайдасын арттырады.

ТУРИЗМ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАҒА ЫҚПАЛЫ

Халықаралық спорттық жарыстар Алматының туризм саласын жандандырды. Қалаға келген туристер жергілікті қонақүйлерді, мейрамханаларды және туристік нысандарды пайдаланып, экономикаға елеулі кіріс әкелді. Сонымен қатар, спорттық жарыстар Алматының халықаралық деңгейдегі танымалдылығын арттырды, бұл ұзақ мерзімді перспективада жаңа туристер мен инвесторларды тартуға ықпал етті. Спорттық туризмнің дамуы Алматының табиғи артықшылықтарын тиімді пайдалануға мүмкіндік берді. Медеу мен Шымбұлақ сияқты нысандар шетелдік және отандық туристердің сүйікті орындарына айналды. Бұл орындарға келушілер саны жыл сайын артып келеді, әсіресе, қыс мезгілінде. Алматының халықаралық спорт орталығы ретіндегі мәртебесі одан әрі нығая түсуде.

Қалада болашақта жаңа спорттық жарыстар өткізу жоспарлануда. Сонымен қатар, спорттық инфрақұрылымды дамытуға инвестиция салу жалғасуда. Алматының бірегей табиғи ресурстары, заманауи спорттық нысандары және тұрғындардың спортқа деген қызығушылығы қаланың спорттық туризм саласындағы әлеуетін арттырып отыр. Бұл бағыттағы даму қала экономикасына, туризмге және халықаралық беделіне оң әсерін тигізетіні сөзсіз.

Ернұр РЫСБАЙ



СПОРТТЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ТҮБЕГЕЙЛІ ӨЗГЕРДІ

2011 жылы Алматы мен Астана қалаларында өткен Қысқы Азия ойындары – Қазақстанның спорттық тарихындағы айтулы оқиғалардың бірі. Бұл – Азия құрлығының спортшылары үшін маңызды жарыс Алматының халықаралық спорт орталығы ретіндегі әлеуетін көрсетіп, оның инфрақұрылымын жаңа деңгейге көтерді. Қысқы Азия ойындарына дайындық барысында Алматыда көптеген спорт нысандары салынды және жаңғыртылды. Олардың ішінде ерекше атап өтетін нысан – «Шымбұлақ» тау-шаңғы курорты. Азияда кезінде Шымбұлақ заманауи талаптарға сай келетін шаңғы трассалары мен инфрақұрылыммен жабдықталды.

Сонымен қатар, «Медеу» мұз айдыны қайта жаңартылып, халықаралық стандарттарға сәйкес болды. Бұл нысандар бүгінде спорттық жарыстар өткізу мен туристерді қабылдаудың негізгі орындарына айналды. Қысқы Азия ойындары Алматының туризм саласына үлкен серпін берді.

Іс-шараға қатысу үшін әлемнің түкпір-түкпірінен келген спортшылар мен көрермендер қаланың табиғаты мен мәдениетіне тәнті болды. Шетелдік туристер саны айтарлықтай артты, бұл қала экономикасына оң ықпал етті.

2017 жылы Алматыда өткен XXVIII Қысқы Универсиада – қала тарихындағы тағы бір жарқын кезең. Бұл шара 60-тан астам елдің студент-спортшыларын жинап, Алматыны жаһандық спорттық картаға тағы бір мәрте енгізді. Универсиада қарсаңында Алматыда жаңа спорттық нысандар салынды, олардың ішінде «Алматы Арена» және «Халық Арена» ерекше орын алады.

Бұл кешендер заманауи технологиялармен жабдықталып, әлемдік деңгейдегі жарыстарды өткізуге арналған. Универсиада кезінде бұл нысандарда хоккей, мәнерлеп сырғанау және шорт-трек бойынша жарыстар өтті. Универсиада Алматының инфрақұрылымын жақсартуға да үлкен үлес қосты. Қалада жаңа жолдар, қоғамдық көлік жүйелері және қонақүйлер салынды. Сондай-ақ, шара кезінде еріктілер қозғалысы дамып, жергілікті жастардың спортқа және халықаралық оқиғаларға қатысуға қызығушылығы артты.

Ірі халықаралық спорттық жарыстар Ал-

матының спорттық инфрақұрылымын түбегейлі өзгертті. Қаланың жаңа және жаңартылған спорт нысандары тек жарыстар өткізу үшін ғана емес, сонымен қатар күнделікті жаттығулар мен жергілікті жарыстарға қызмет етіп келеді. «Шымбұлақ» және «Медеу» нысандары тек спортшылар үшін ғана емес, сонымен қатар туристер мен қала тұрғындары үшін де тартымды орындарға айналды. Бұл нысандар жыл сайын мыңдаған адамды қабылдайды және Алматының брендін халықаралық деңгейде насихаттауға ықпал етеді.

«Алматы Арена» және «Халық Арена» қаланың көпфункционалды спорттық ор-

ТҮЙІН:

Алматы – тек Қазақстанның ғана емес, бүкіл Орталық Азияның спорттық астанасы. Қалада өткен Қысқы Азия ойындары мен Универсиада-2017 сияқты ірі халықаралық спорттық жарыстар оның халықаралық деңгейдегі спорт орталығы ретіндегі мәртебесін дәлелдеді. Бұл шаралар Алматының инфрақұрылымы мен туризмін дамытуға, халықаралық аренада танымал болуына және жергілікті тұрғындардың спортқа деген қызығушылығын арттыруға үлкен үлес қосты. Алматының спорттық болашағы жарқын және ол жаңа жетістіктер мен биіктерді бағындыруға дайын.

СПАРТАКИАДА – 2025

ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР

ұлт рухын жаңғырту құралы

Алматыда мемлекеттік колледждердің оқытушылары мен қызметкерлері арасында қалалық 28-ші спартакиада басталды.

Досбол АТАЖАН



9 қаңтар күні басталған қалалық жарыс 24 қаңтарға дейін жалғасады. Спартакиаданың алғашқы кезеңі Алматы мемлекеттік көлік және коммуникация колледжінің спорт алаңында ұйымдастырылды. Жарыстың алғашқы күнінде оқытушылар мен колледж қызметкерлерінен құралған команда ұлттық ойын түрлері бойынша бақ сынады. Оның ішінде асық ату, дартс, бұқа тартыс, арқан тартыс, арқанмен

секіру және өзге де ойын түрлері болды.

– Біздің спорт кешенімізде дәстүрлі түрде өтетін колледж ұстаздары мен қызметкерлері арасында 28-ші спартакиаданың ашылуы болды. Бұл жарыс 90-шы жылдардан басталып жыл сайын қалалық Білім басқармасының қолдауымен ұйымдастырылып келеді және республикалық жарысқа іріктеу болып саналады. Былтыр іріктеуден өткен Алматының аралас командасы Семей қаласына барып, республикалық жарыстан 1-орынмен оралған. Биыл да жеңіс тұғырынан көрінсек деп отырмыз. Сондықтан алдағы сайыстарда төрешілік және іріктеу сәттері қатал тәртіппен өткізіледі. Бүгінгі командаларының құрамында сырттан келген адамдар жоқ, тек колледж оқытушылары мен қызметкерлері, – деді Мемле-

кеттік көлік және коммуникация колледжінің директоры Ербол Магазов.

Дәстүрлі жарысқа биыл Алматы қаласының 20 колледжі қатысып жатыр. Оның ішінде Алматы көпсалалы колледжінің жас маманы Акерке Дүйсебай жарысқа үлкен қызығушылықпен қатысып жатқанын атап өтті.

– Мен бұл жарысқа бірінші рет қатысып тұрмын. Жасым 22-де, жас маманмын. Өзім ер балалардың тобына сабақ беремін, олардың бәрі спортпен айналысады. Өзімде спортқа жақынмен, би үйірмесіне барамын. Сондықтан бүгінгі жарысқа деген ынта-қызығушылығым жоғары. Спартакиада алдында команدامызбен дайындық жасадық. Енді жеңіске жетсек деген ниеттеміз. Мен арқанмен секіріп, өз командала жеңіс әкелуге тырысамын, – деді ол.





Виктор ПОЛБИН, «Буревестник» ардагері:



– Менің қатарластарым «сегіз қырлы, бір сырлы» еді. Біз жеңіл атлетикамен де, футбол, волейболмен де шұғылдандық. Қыста шаңғы, коньки тептік, хоккей ойнадық. Осылайша жекелей дисциплинада қалай ілгерілей бастағанымды да байқамай қалдым. Баскетболды да жақсы ойнадым. 7-сыныпта оқып жүріп, өзінің жасына қарай қаланың атынан шығып, намысты қолдан бермедім. Сонымен қатар, волейболды қатар алып жүрдім. Мектепті бітіргеннен кейін танымал жаттықтырушы Паршин мені осы спорт түрінен Бүкілодақтық жарыстарға қатысуға шақырды. Содан кейін біз «Спартак» қоғамынан КСРО чемпионатын жеңіп алдық. Бір жылдан кейін «Буревестник» сияқты жарыстарға қатысып, алтын медаль олжаладым. Бірде менің ойынымды көрген Заңғар Жаркешев мені сол

«ВОЛЕЙБОЛДАН БАЛАЛАР АРАСЫНДА ТУРНИР ӨТКІЗГІМ КЕЛЕДІ»

Шаһарда осы бір жігерлі де сергек, ақкөңіл әрі зиялы жанды танымайтын адам кемде-кем. Ол қаланың барлық мәдени-бұқаралық әрі спорттық іс-шараларының тұрақты қатысушысы. Қатысып қана қоймай, жарысты ұйымдастырудың, оған төрешілік студия басы-қасында жүреді. Мәселен, оншақты рет «Медеуде» өткен «Баспалдақпен жүтіруге» қатысты, Жамбыл Жабаев мемориалдық мұражайына дейін шаңғы тепті, колледж студенттері арасында түрлі спорттық жарыстар өткізуді дәстүрге айналдырды. Өзі волейболдан ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы. Ең көп спорттық жетістікке жеткені де волейбол еді. Бүгінде 75 жасқа толған Виктор Васильевич Полбин жоғары лигадағы осы спорт түрінен КСРО чемпионаттарына да қазылық етті.

кезде 1967 жылғы КСРО халықтары спартакиадасының қола жүлдегері болған «Буревестник» волейбол командасына шақырды.

«Буревестник» – қазақстандық спорттың ойын түрлері бойынша жеңіс символы іспеттес. Алғаш болып 1969 жылы КСРО чемпионы атанса, 1970 және 1971 жылдары екі рет Еуропа чемпионы кубогын жеңіп алды. Сонымен қатар, сол кездегі Алматы волейболшыларының активінде Кеңес Одағы чемпионаттарының бірнеше күміс және қола жүлделері бар. Сондықтан өзін-өзі құрметтейтін кез келген адам осы ұжымның құрамында болуға талпынатын. Алайда, халықаралық аренада жетістікке жеткен құрамға кірмедім. Бұған себеп – менің жарақаттарым еді. Мен Жәнібек Саурамбаев, Марат Мәденов, Валерий Кравченко, Олег Андропов және тағы басқа спорт шеберлерімен жаттығып жүрдім. Оның үстіне бала кезімнен Аман Сұлтанов, Вячеслав Шапран, Николай Рогозин және тағы басқаларын танимын. Бірақ бұйырмады. Дәрігерлер волейболмен қош айтысуым керек деді. Оңай болған жоқ, – дейді ардагер.

– Бірақ содан кейін сіз төреші, банкер

болдыңыз! «ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы» атағы жайдан-жай берілмегені анық қой.

– Халықаралық дәрежедегі бірнеше спорт шеберін тәрбиеледім. Алайда, ХДСШ атағын кейінірек алды. Кішкентай кезінен қолымда өскен спортшылар. Белгілі қазақстандық волейболшылар Алексей Яшин, Сергей Щукин, Александр Горбатов, Марат Иманғалиев. Тіпті, Жәнібек Саурамбаевтың ұлы – Олег волейболдан менде тәрбиеленді. Олардың кейбіреулерінің есімі әлі күнге дейін белгілі. Бүгінде менің жолымды қуып, балалар ұжымдарында да, шеберлер командаларында да жаттықтырушы болып жұмыс істейді.

– Сізді бұқаралық жарыстарда төреші ретінде қызмет ететіндігіңізді білеміз. Бұған қалай келдіңіз?

– Менің өмірім спортпен тығыз байланысты. Токсаныншы жылдардың басында спорт мектептерінің бірінің директоры болдым. Кейін Алматы Мемлекеттік энергетика және электрондық технологиялар колледжіне дене шынықтыру және спорт оқытушысы ретінде жұмысымыз ауыстырдым. Содан бері осы жерде қызмет етіп

жүргеніме 32 жыл болған екен. Менің азаматтық ұстанымым сол, спортқа деген сүйіспеншілігім қоғамдық өмірден тыс қалуға мүмкіндік бермейді. Мен білетін салауатты өмір салтын ұстанатын қалалық Спорт басқармасының бұрынғы басшысы Ізбасар Оразбақ ерекше жан еді. Бүгінде мұндай адамдар өте аз. Ол қаладағы дене шынықтыру қозғалысының шынайы жанкүйері ретінде түрлі жарыстар ұйымдастырып, өткізетін-ді. Сол кезден «Медеудегі» баспалдақпен жүтіруге, шаңғы жарыстары, Жаңа жыл қарсаңында жүтіруге және тағы басқалар дәстүрімізге айналған-тұғын. Қыстың соңына қарай «Қардың үстімен жалаң аяқ жүтіруге» ұйымдастырылатын. Мұны көруге адамдар әдейілеп келетін. Қазір тек «Баспалдақпен жүтіруге» ғана бар. Басқа жарыстар ұшты-күйлі жоқ болды. Сол кісінің ізін жаластырмақ ниетте ұлттық спорт түрлері бойынша спартакиадалар өткізуді қолға алдым. Бұл асық, арқан тарту, бұқа тартыс, дартс, тоғызқұмалақ, баскетбол шеңбері бойынша дәлдікке лақтыру және басқалар. Қаңтар айында қала колледждерінің студенттері мен оқытушылары арасында осындай жарыстар өтеді. Студенттер арасында 29-шы рет, ал оқытушылар арасында 28-ші рет өтеді.

– Сіз әуесқойлықтан кәсіби спортқа дейін көтерілдіңіз. Орындалмай қалған тағы қандай арманыңыз бар?

– Менің пешенеме спортпен шұғылдану жазылыпты. Сол жолды абыроймен жүріп өттім деген ойдамын. Бойымда күш-қуатым барда тоқтағым келмейді. Спорт саласындағы қоғамдық жұмыстарға атсалыспақ ниеттемін. «Буревестник» волейболшыларын еске алуға арналған волейболдан балалар арасында турнир өткізім келеді. Бұл идеяны таяу арада жүзеге асырамын деген сенімдемін.

Әңгімелескен Әлім АНАПЬЯНОВ.

● ФРИСТАЙЛ-МОГУЛ

АНАСТАСИЯ – ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДА ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ

Алматыда фристайл-могул және фристайл-акробатикадан жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионаты өтіп жатыр.



Досбол
АТАЖАН



(Сурет: ҚР Туризм және спорт министрлігі).

Шымбұлақ тау-шаңғы курортында 7 қаңтар күні басталған жарыс 11 қаңтарға дейін жалғасады. Жаһандық додаға 13 елден 110 спортшы қатысып жатыр. Еліміздегі дүбірлі додада Қазақстан, Германия, Канада, Қытай, Франция, Швейцария, АҚШ, Оңтүстік Корея, Жапония және өзге де елдің өкілдері сынға түсті.

Қазақстан құрамасының сапында могул және паралель могул бойынша Анастасия Городко, Юлия Феклистова, Анастасия Ларионова, Виктория Кузнецова, Юлия Мокина, Семён Русаков, Ильнар

Ибрагимов, Данил Коротков, Алексей Дениярев, Денис Раструба бақ сынаса, шаңғы акробатикасынан Дінмұхаммед Райымқұл, Ардана Маханова, Райана Маханова, Асан Асылхан, Роман Погосян, Ұланбекір Өмірзақов, Аделина Өмірзақова ел намысын қорғауда.

Жарыстың алғашқы күні отандасымыз Анастасия Городко фристайл-могулдан жекелей сында 2-орын алды. Ол таңдаулы 6 спортшы арасындағы суперфиналда 70.79 балл алды. Алтын медаль былтыр қола жүлдегер атанған жапониялық Юма Тагучидің еншісінде (72.43 балл). Үздік үштікті тағы бір жапон спортшысы Мисе Куриа түйіндеді (66.63).

Дүбірлі доданың екінші күні Анастасия Городко жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатында топ жарды. Ол параллель могулда үздік шықты. Анастасия суперфиналда америкалық спортшымен жарысып, мәреге бірінші жетті. Ұлттық құрама спортшысы бұған дейін Италияда өткен жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатында могулдан алтын медаль олжалаған болатын.

Айта кеткен жөн, жасөспірімдер арасындағы фристайлдан әлем чемпионаты 1986 жылдан бері Халықаралық шаңғы федерациясының (FIS) қолдауымен өткізіліп келеді. Алматы қаласы бұған дейін 2021 жылы фристайлдан Әлем кубогы кезеңдерін өткізген.

● ВОЛЕЙБОЛ



АРДАГЕР СПОРТШЫЛАР БӘСЕКЕСІ

Жаңатұрмыс ауылындағы жалпы білім беретін орта мектептің спорт залында Қазақстан Республикасының тәуелсіздік күніне арналған ардагер спортшылар арасында волейболдан турнир болып өтті. Оған Алматы қаласында тұратын 60–70 жастан асқан ардагерлер қатысып, өнер көрсетті. Ақжар–Алматы, Алматы-1, Алматы-2, Алматы қаласы Бостандық ауданы және Жаңатұрмыс ауылының командалары жүлделі орындарды сарапқа салды.

Қандай да болсын қоғамдық маңызы бар шара – оған көңіл бөлгенде, қамқорлық жасағанда ғана іске асады. Және көрерменге пайдалы әсері болары сөзсіз. Мысалы, осы турнирді Жаңатұрмыс ауылының жас спортшылары көріп, тамашалады. Демек, мұның тәрбиелік маңызы зор деген сөз. Осындай ігі істердің басында әрдайым жанашыр бір адамның жүрері хақ. Бұл жолы да солай болды. Осы шараны ұйымдастырып оған бас-көз болып, жеңімпаздарға жүлде тағайындап, азаматтақ қамқорлығын жасаған Түсіпхан Инкин мырзаға алғысымыз шексіз. Сондай-ақ, Түсіпхан мырза осы мектептің спорт залында ауыл тұрғындарының аптасына екі рет тегін жаттығуына мүмкіндік жасаған. Ардагерлер спортына деген қамқорлық жанашырлығын ауыл ардагерлері мен жастары асқан ризашылықпен айтады.

Үлкенді-кішілі спорттық шаралар қоғамдық сананы қалыптасуының маңызды құралы болып табылады. Сондай-ақ, тәртіп пен бейбітшіліктің қадірін түсінуге шақырады. Жастарды патриотизмге тәрбиелеуде, тұрғындардың қоғамдық өмірге белсенді қатысуын да ынталандырады.

Қанатбек ЕРМЕКОВ,
Бостандық ауданы Ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары.



АДАМ ЖӘНЕ ЗАҢ

НӘЗІКЖАНДЫЛАРДЫ ҚЫЛМЫСҚА НЕ ИТЕРМЕЛЕЙДІ?

Алматыда былтыр 1172 әйел жауапкершілікке тартылған

Кейінгі кездері жаңалықтардан «іздеуде жүрген алаяқ әйел шет елде ұсталды», «күдікті әйел тергеу изоляторына қамалды», «азаматша пәтер сатып алып беремін деп алдаған» деген деректерді жиі оқып қалып жүрміз. Құқықтық статистика және арнайы есеп жөніндегі комитетінің мәліметіне сүйенсек, 2024 жылы әртүрлі қылмыс үшін жазаланғандардың 13%-ы әйелдер екен.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Алматы қаласы Полиция департаменті берген мәлімет бойынша, 2024 жылы 1172 әйел қылмыстық жауапкершілікке тартылған. Олар көбіне мүліктік қылмыстар жасаған.

Әйелдер арасындағы қылмыстың басым бөлігі – алаяқтық (барлық үкімнің 30%), екінші орында ұрлық тұр – 20%, үшінші орынды мүлікті иемдену немесе ысырап ету алады – 7%. Бірқатар қылмыс түрі бойынша әйелдер ер адамдарға қарағанда жиі сотталады. Былтыр притон ұйымдастырғаны үшін 56 әйел мен 13 ер адам, көмелетке толмағандар саудасы үшін – 12 әйел және 3 ер адам, жеке басын қорлағаны үшін – 91 әйел мен 79 ер адам сотталған.

Жалпы, кейінгі бес жылда әйелдерге қатысты қылмыс саны екі есе азайған.

Әйелдердің қылмыскер атануына не себеп екенін Алматыдағы «Жан-сая» дағдарыс орталығының заңгері Гүлшара Маратқызынан сұрап көрдік:

«Әйелдер көбіне алаяқтық, ұрлық және бөтен мүлікті иемдену қылмыстары үшін сотталған. Ал тұрмыста жасалатын қылмыстар, көбіне тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап

шеккен немесе сол жәбір көрсеткен жақынынан қорғанамын деп абайсызда зақым келтіру немесе өлтіру салдарынан сотталады. Оған ҚР қылмыстық кодексінің 108-бабы денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру, 107-бабы денсаулыққа қасақана орташа зиян келтіру, 106-бабы денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру, сонымен қатар 99-бабы адам өлтіру, 102-бабы қажетті қорғаныс шегінен шығу кезінде жасалған адам өлтіру қылмыс құрамымен айып тағылып, жазаланады.

Әйелді қылмысқа не итермелейді, оның себебі неде десек, олардың қандай қылмыс үшін сотталғаны көрсетеді. Яғни біріншіден, әлеуметтегі гендерлік теңсіздік – әйелдер ер адамдарға қарағанда бірдей еңбек үшін төмен жалақы алады, екінші себеп – экономикалық ахуалдың төмендігі. Балаларын өсіріп-жеткізуге қаражаттың жетіспеуі, өзінің керек-жарағын ала алмауы. Жақындарының жақсы өмір сүруі үшін заңға қайшы әрекеттерді істейді. Сонымен қатар, алкогольді немесе наркотикалық заттарды қолданып, қылмыс жасауы мүмкін», – дейді заңгер.

Қазақстанда 41 дағдарыс орталығы жұмыс істеп тұр. Оның екеуі – Алматы қаласында. Солардың бірі – «Жан-Сая» дағдарыс орталығы тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккен әйелдер мен балаларға қамқорлық көрсететін мемлекеттік мекеме болғандықтан, заңды бұзған әйелдерді қабылдай алмайды. Заңгердің айтуынша, дағдарыс орталығының мамандары әйел адам сол тұрмыстық зорлық-зомбылықтың зардабынан өзін немесе балаларын қорғаймын деп агрессорға қатысты қылмыс жасаса, сол қылмыстың құрамы дұрыс саралануына жәрдемдеседі. «Мысалы, 2023 жылы Екібастұз қаласында жүкті әйел ішіп алған күйеуінен қорғанамын деп қолына түскен затпен ұрған. Ол қолына түскен зат пышақ болып, күйеуі мерт болады. Сондағы прокурордың екіқабат әйелге таққан айыбы – ҚР ҚК 99-бабы қасақана адам өлтіру қылмысы. Ол үшін 8 жылдан 15 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған. Ал біздің орталықтың мамандары Дағдарыс орталықтары одағымен бірлесе отырып, бұл қылмыс қажетті қорғаныс шегінен шыққандықтан болғандығын алға тартты. Бұл бап бойынша жауапкершілік 2 жылға дейін бас бостандығын шектеу немесе айыру жазасы тағайындалады. Дегенмен, бұл оқиға бойынша әйелдің жүкті екені ескеріліп, қылмыстық құқық бұзушылық үшін көзделген жазадан жеңіл жаза тағайындау арқылы 5 жылға сотталды, сонымен қатар әйел баланы босанып алғандықтан, жазаны өтеу 5 жылға кейін шегерілді. Бұл кейсте қылмыстық істің толыққанды және жан-жақты ескерілмей қалған жерлері болғандықтан, сонымен бірге мемлекеттік айыптаушы қылмыс құрамының дұрыс саралануына мән бермегендіктен, әйел адам өзін және баласын қорғағаны үшін тиісті жазасын алып отыр.

2024 жылы Дағдарыс орталығына жүгінген 520 адам арнайы әлеуметтік қызмет алды (177 – әйел және 343 бала), 948 адам психологтың кеңесін алды, 617 әйел заңгерлік кеңес алды (алименттік міндеттеме, некені бұзу, балалардың тұрғылықты жерін анықтау мүлікті бөлу, өтеу несиелері және т.б. мәселелер бойынша)», – деді Гүлшара Маратқызы.

КЕЗДЕСУ

«БІР ЕЛ – БІР БЕЛДЕУ» ҚАҒИДАТЫ

Алматыда Сәтбаев атындағы университет базасында Ғылым және жоғары білім министрі бастаған ғылыми-зерттеу саласының білікті мамандары алматылықтарға, жалпы жұртшылыққа биыл көктемнің басында елімізде енгізілген бірыңғай сағаттық белдеуге қатысты маңызды ақпаратты жеткізіп, оның көптеген тиімді тұстарын ғылыми тұрғыда дәлелдермен дәйектеп берді.

Айнабай
МӘДИ



Бір ғасырға жуық уақыт ішінде созылмалы сырқаттарға әсер етіп келе жатқан уақыт белдеуіне қатысты мәселе енді шешілді. Осыған дейін бір шешімі табылмай келген сағаттық белдеудің зардабы, әсіресе, онкологиялық науқастарға кері әсері тиіп келгені мәлім. Мұны Онкология және радиология ғылыми-зерттеу институтының директоры Дильяра Хайдарова да дәлелдеп берді. Бірнеше әлемдік деңгейдегі зерттеу осыны зерделеп отыр. Адамдардың депрессияға ұшырауы, ұйқысыздыққа, суицидке баруына осы уақыт белдеуінің дұрыс реттелмеуі кесірін тигізіп келгені белгілі.

Табиғи циклмен өмір сүрген біздің ата-бабаларымыз күннің шығуымен тірлігін бастап, кештің батуымен бүкіл шаруасын реттеп, ұйқыға бас қойғаны рас. Сағаттық белдеудің денсаулыққа да, экономикамызға көп әсері мол. Мәселен, осы кезге дейін астрономиялық, астрофизикалық жағынан алғанда, күннің ортан бөлі – сағат 12.00 мен 12.15-ке дөп келеді.

Енді жұмыс, мейлі ол бизнес не әкімшілік шаруасы болсын, сәл кештеу басталады. Алайда, мынаны ескеру керек, жұмыс кеш басталғанымен, ұйқымыз қанып, шәй-сусынымызды ішіп алуға мол мүмкіндік болды.

Бұл тұста негізгі шаруаларымыздың күннің екінші жартысында басталатынын ескерген жөн. Бүкіл іс-шарамен бірге, той-думанымыздың кешкі уақытта басталатыны бар. Сағаттық белдеудің тиімділікке де әсері бар. Мұны бірыңғайлаудың еңбек тиімділігіне, экономикаға, тіпті қылмыстың, апаттардың деңгейінің төмендеуіне де өзіндік қатысы барын айтпай тұра алмаймыз.

«Бірыңғай сағаттық белдеу, бұл – өмірлік аспекті. Оны саяси немесе идеологиялық аспекті деуге де болар. Бұл сағаттық белдеуді реттеудің тиімділігін аңғартады. Бірыңғай сағаттық белдеу бүкіл өмірді саяси не әкімшілік тұрғыда болсын, біртұтас форматта ұстайды. Бұған мысал ретінде көршілес Қытай елін келтіруге болады. Біздің Қазақстаннан жер көлемі жөнінен үш еседей үлкен алпауыт елде бірыңғай сағаттық белдеу бекітілген. 33 елді біріктіріп тұрған Еуроодақта да бірыңғай сағаттық белдеу ұстанған», – деді Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек.

Еліміздің батыс және оңтүстік батысындағы жұртшылықтың «Жаңа жылды жалпы жұрт болып бір мезгілде қарсы алатын болдық!» деп қуанатын жөні бар екен. Жер көлеміне, астрономиялық, жағрафиялық жағына қарамай, «Бір ел – бір белдеу» қағидатымен біртұтас ел боламыз деп, саяси шешім қабылдаған елдер аз емес. Министрдің мәлімдеуінше, бұл басқосудың соңында кемі жеті-сегіз пысықталған көзқарас қамтылған резолюция қабылданатын тәрізді. Резолюция кейін ашық жарияланады. Ғылыми қауымдастық ашық түрде осы дәлелдерді, талаптарды, әсерлерді түсіндіретін болады.

«Тағы бір жаңалық – осы кездесу аясында жақсы бір ұсыныс келіп түсті. Бұл – хронологиялық қауымдастық құру идеясы. Хронология – кейінгі кезде жақсы жолға қойылған, дамып келе жатқан ғылым саласы» деп мәлімдеді министр.

«Әл-Фараби университетінде сонау кеңес өкіметі кезінен бастап хронологиямен тұрақты шұғылданған кішігірім қалыптасқан мектеп те бар. Сөйтіп, бұл мектепті аяқтан тұрғызып, сағаттық белдеудің адам ағзасына, ден-

саулығына, генетикасына, сана-сезімі мен психологиясына қалай әсер ететінін ғылыми тұрғыда нақты дәлелдеу басталады», – деді С.Нұрбек.

Сағаттық белдеуге қатысты өзгерістер Үкіметтің мониторинг жүйесіне енгізілген. Осы орайда, Денсаулық сақтау министрлігі жан-



жақты мониторинг жүргізіп, созылмалы сырқат түрлеріне зерттеулер жүргізуде. Келер жылдан бастап бұл зерттеулер нәтижесі хабардар етіледі.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Алмас ШАРМАН, ҚР Профилактикалық медицина академиясы және Ұлттық салауатты тамақтану орталығының президенті:

БҮЛ МӘСЕЛЕНІҢ ШЕШІМІ ТАБЫЛАДЫ

Бұл басқосуда Қазақстанның біртұтас уақыт белдеуіне көшуінің ғылыми аспектілері жан-жақты талқыланды. Қазақстан халқының 70 пайызға жуығы анағұрлым адекватты, табиғи уақыт белдеуінде тұратын болады. Ал қалған 30 пайызы инновацияға бейімделуі керек. Бүкіл әлемде адамның биологиялық циркадтық ырғағын күнделікті жұмыс пен мектеп тәртібіне бейімдеудің түрлі тәсілі бар. Соның бірі – UTC («Үйлестірілген әмбебап уақыт») сәйкестігі. Мысал ретінде АҚШ-ты келтіруге болады. Бұл елде 1966 жылдан бастап сағат тілі ауысқан кезде жазғы уақытқа көшу тәжірибесі қолданылды. Содан кейін стандартты уақытқа оралды. Бұл көпшілікке ұнамай, бірқатар америкалықтар наразы болған. Таяуда сайланған АҚШ президенті Дональд Трамп жазғы уақытқа көшуді тоқтататынын мәлімдеді. Бұл ретте Қытай біртұтас уақыт белдеуін пайдаланатынын айтқан абзал. Бұл елдің батысында орналасқан Үрімжіде оның күн белдеуіне бейімделу жүріп жатыр. Біз өз тәртібімізді циркадтық ырғаққа бейімдей аламыз. Академиялық ырғақты, не жұмыс барысын сәтті басқаруда жеке көзқарас та маңызды. Бұл мәселенің шешімі табылады. Адамдар арасында тәулік ішінде жұмыс ырғағын өздері таңдайтындар аз емес.

Рашит ВАЛИУЛЛИН, Фесенков атындағы Астрофизикалық институт директорының орынбасары:

БҮРЫН ОҚУШЫНЫҢ ҰЙҚЫСЫ ҚАНБАЙТЫН...

Жаһандық масштабта кері санақ UTC «Әмбебап үйлестірілген уақыт» бағанымен жүзеге асырылады. Қазақстанда біртұтас уақытқа көшкенге дейін аймақтар екі уақыт белдеуіне бөлінді. UTC+5 аймағына республиканың батысындағы бірқатар облыстар енді. Бұл ретте елдің басым бөлігі UTC+6 аймағында болды. Қазір Еуропалық Одақтың 33 елі бір аймақта – «UTC + 1»-де тұрып, жұмыс істеді әрі бұл елдердің экономикасы табысты дамып келеді. Енді Қазақстан Еуропаға жақындады. Декреттік уақыттан ауытқу Қазақстан Республикасы аумағының едәуір бөлігін түскі және түн ортасының табиғи кері санауына әкелді. Көптеген қаланың түскі, не түн ортасы табиғи уақытына жақындағанын диаграммадан көруге болады. Талдау барысында бұрынғы ауысымда бір сағаттық уақыт енгізілгенге дейін еліміздегі бірінші ауысымда оқитын мектеп оқушыларының ұйқысы қанбағаны анықталды. Бірыңғай уақыттың енгізілуімен мектеп оқушылары өздерін жақсы сезінді, себебі олар күн шығысымен ояна бастады. Бұрын таң атар-атпас ояту керек болатын. Бұл жағдай зейін мен оқуға кері әсерін тигізген.



«АЛМАТЫ МЕКТЕПТЕРІ» ЖОБАСЫ

Қазіргі таңда еліміздің білім саласында әлемдік білім стандартының ең үздік, әрі сапалы тұстарын енгізу мәселесі кеңінен белең алып отыр. Осы мақсатта Бостандық аудандық білім бөлімі мен М.Мақтаев атындағы №140 гимназия «XXI ғасыр: «Ата-ана. Ұстаз. Оқушы» атты жиын өткізді. Білім әлемінің «үштағаны» бұл – «Ата-ана. Ұстаз. Оқушы» болғандықтан, оның атқарып отырған жұмысы, басты міндеті мен талабы тұрғысында гимназия директоры Сәния Өскенбайқызы кеңінен әңгімеледі.

ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ –
БАРШАҒА ОРТАҚ

Сонымен қатар, қала әкімінің «Алматы мектептері» жобасы аясында Жапонияға сапары барысындағы іс-тәжірибесін ортаға салды. Тәжірибелі басшы бала тәрбиесіне қатысты өз ойын ортаға салып, ұрпақ тәрбиесіндегі ең басты құндылықтарға тоқталды. Жақында ғана Астана қаласында өткен «Балалар мен жастар тәрбиесі: мемлекет, қоғам және отбасының бірлескен іс-әрекеті» атты форумға қатысып қайтқан, мектеп ата-аналары Р.Ақтаева мен Қ.Саяхметтің бала тәрбиесі жайлы түйінді ойларын көпшілік арасында үлкен талқыға түсті. Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары С.Темурбаева үштіктің жұмысын жақсарту мақсатында жүргізіліп жатқан шараларға кеңінен тоқталып, қолданыстағы бағдарламаларға тоқталды.

Жиналғандарды жаңа жобалармен таныстырды. Гимназия ұстаздары Л.Сатымбаева «Ұлттық иммунитет», Л.Батырхан «Стресс пен оның алдын алу шаралары», Г.Чайзаданова «Қаржылық сауаттылық», А.Сламова «Агрессия және оны жеңу жолдары» тақырыбында жобаларын таныстырды. Келесі кезекте қоғамда жат қылықтарға жол бермеу мәселесі кеңінен сөз болды. Мектеп оқушылары да сөз алып, А.Саяхмет «Гаджетке тәуелділіктің алдын алу», Н.Мылтықбай «Буллингті болдырмау жолдары», Ж.Сайн «Тіл тазалығы», М.Төлеубек «Бейәдеп сөз айтуға, балағаттауға жол бермеу» тақырыбында өз ойларымен бөлісті. Ендігі жерде «Ата-ана. Ұстаз. Оқушы» үштігі одан әрі жалғасын табатын болады.

БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ

АЛМАТЫ БАЛАБАҚШАЛАРЫ:

жаңа тәрбие жүйесі қолға алынды

Соңғы жылдары Алматы қаласы әкімінің бастамасымен қаламыздағы білім саласы қызметкерлерін шетелдік тағылымдамадан өткізіп отыру үрдіске айналды. Мәселен, қаламыздың мектепке дейінгі мекемелерінің ең үздік 40 басшысы мен әдіскері Малайзия, Қытай, Польша және Германияның жетекші білім беру мекемелерінде болып, тағылымдамадан өтіп қайтты. Мұндай мүмкіндік 2025 жылға дейінгі мегаполисті дамытудың «Жол картасы» аясында Алматы әкімдігі жүзеге асыратын қалалық мектепке дейінгі ұйымдар мамандарының біліктілігін арттыру бағдарламасы бойынша ұйымдастырылған еді.

Алматыдан барған білім саласы өкілдері шетелдік тағылымдама барысында FACETS технологиясы сияқты педагогтардың жұмысын бағалаудың инновациялық әдістерімен танысып, АҚШ-та кеңінен қолданылып жүрген Монтеessori жүйесінің ерекшелігін зерттеуге байланысты шетелдік сарапшылардың қатысуымен өткен дәрістер, шеберлік сағаттары мен воркшоптарға қатысты.

Мәселен, Қытай мен Малайзиядағы тағылымдама әдіскерлер балабақша тәрбиеленушілеріне арналған оқу бағдарламаларымен танысты. Сонымен қатар, Польша мен Германияда мектепке дейінгі білім берудегі инклюзивті тәсіл моделіне және стратегияларына кеңінен көңіл бөлінетіні Алматыдан барған өкілдердің назарын өзіне аударды. Мектепке дейінгі білім беру саласын-

дағы педагогтардың кәсіби дамуы мен біліктілігін арттыру орталығы болып табылатын Fröbel мектепке дейінгі мекемесінде «тағылымдама күнін» өткізді. Жалпы, мектепке дейінгі ұйымдардың біліктілігін арттыру жобасы 2023 жылы басталып, 2305 балабақша педагогын қамтыса, өткен жылы осы санаттағы 440 қызметкер үшін табысты болды.

Алматы қаласының мектепке дейінгі мекемелері мамандарының біліктілігін арттыру бағдарламасы өз нәтижесін көрсетті. Педагогтардың кәсіби дағдысын дамыту арқылы білім беру жүйесі жаңғыртып, табысқа жеткені үшін Түркістан ауданындағы №187 балабақша меңгерушісі Фарида Қызырханқызы «Үздік жоба менеджері» атанып, жеңімпаз деп танылды.

ТАҒЫЛЫМДАМА

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР

мейірімділік пен қамқорлыққа бастайды

Түркістан ауданындағы №211 мектеп-гимназияда «Инновациялық жобалар – мейірімділік пен қамқорлыққа жетелейді. Отандық және халықаралық тәжірибе» атты қалалық семинар өткен еді. Басқосудың басты ерекшелігі, мұнда қала мектептерінің жас директорлары қатысып, аға буын өкілдерімен тәжірибе алмасты. Аталмыш іс-шараны «Алматы мектептері» жобасымен Эстония, Финляндия, Швейцария, Корея және Сингапур елдерінде тағылымдамадан өтіп, инклюзия бойынша біліктілігін шыңдаған білім беру саласының басшылары мен педагогтары ұйымдастырды.

Соңғы жылдары Алматының мектепке дейінгі мекеме өкілдері мен мектеп басшылары шет елдерге барып, тағылымдамадан өтіп, озық тәжірибе алмасуы үрдіске айналып отыр. Аталмыш семинарда дамыған елдердің білім беру саласындағы өзгешеліктер, озық әдіс-тәсілдер, олардың ерекше қамқорлықты қажет ететін балалармен жұмыс істеу тәсілдері, инклюзивті қоғам құрудағы қадамдар, инновациялық жобалар туралы кеңінен сөз болды. Тағылымдамадан түйген ойларын ортаға салып, үйренген озық тәсілдерді өз мектептерінде қалай іске асырып жатқандары туралы айтып, тәжірибелерімен бөлісті.

Былтыр ғана пайдалануға берілген №211 мектеп-гимназияның қол жеткізіп отырған табысы аз емес. Мектеп ұжымы сапалы білім берумен шектеліп қалмай, оқушылардың қабілетін ашуға да барынша құлшынып жатыр. Мектептің технология пәні мұғалімдері соңғы жылдары қолданысқа енген қыштан құмыра, түрлі



ыдыс жасау тәсілін оқушыларға үйретсе, қазір оқушылар құмыра жасап, оған күйдіріп сурет салуды, тігін машинкаларымен түрлі кестелер тігуге әбден машыктанып алған. Міне, шетелдік сапардан қайтқан ұстаздар өзге елдегі әріптестерінен балалардың іште жатқан қабілеттерінің ашып, әсіресе, ерекше білімді қажет ететін балалардың өмірде икемді болуына, бір өнерді үйренуіне көп көмегін тигізетін тәсіл түрлерін үйреніп қайтқандарын айтып, оны өз елімізде қолданысқа енгізе бастағандықтарын айтты. Қала мұғалімдерімен жинаған тәжірибелерін ортаға салып, бөлісіп жатты. Халықаралық тағылымдамадан өтіп келгендер игі жобалардың мән-мақсатын түсіндірді. Қойылған сұрақтар да аяқсыз қалмады. Қазақстандық «Табысты мектеп» жобасы бойынша да қала мектептерінде білім беруде жаңаша әдіс-тәсілдердің қарқынды дамып келе жатқандығы байқалды.

Осыдан біраз уақыт бұрын Түркістан ауданы мектептерінде «Мейірімді мектеп» жобасы бастау алған болатын. Осы жоба бойынша базалық мектеп болып №211 мектеп-гимназиясы танылды. Сондай-ақ, осынау игі жобаға аудандағы 28 мектеп белсене қатысты. Олар «Мейірімді мектеп» жобасы аясында демеушілердің кө-

мегімен 1000 шоппер тігіп, оның ішін түрлі тәттілер мен ойыншықтарға толтырды. Әдемі де, сәнді шопперлерді жаңа-жылдық сыйлық ретінде ерекше қажеттіліктері бар балаларға тарту етті.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Айжан ҚАСЫМОВА, №211 мектеп-гимназия басшысы:

– Шетелдік тағылымдаманың берері өте мол екен. Әріптестеріміз оларды жан-жақты саралап, зерделеп, үздігін оқу үдерісіне енгізіп жатыр. Озық тәжірибе көпке ортақ. Сондықтан білім сапасын көтеруге барынша көңіл бөліп, қолдау білдіріп жатқан қала басшысына деген алғысымыз шексіз. Балалар да қысқы қызықты сезініп, бір серпіліп қалды. Ата-аналардың да қуанышында шек жоқ! Осынау іс-шара арқылы біз оқушыларды еңбекке, қайырымдылық жасауға үйреттік.

«SARAY NEWS»

Қала балаларының сүйікті мекені Оқушылар сарайы жақында «SARAY NEWS» атты жаңалықтар бағдарламасын қолға алып, игі іс бастады. Оны болашақ жас дикторлар – Ақбике мен Керімсал тұрақты жүргізіп отыратын болды.

ЖАС ДИКТОРЛАР

ЖҰЛДЫЗДЫ

қонақтармен қызықты сұхбаттар өткізеді

Жас жүргізушілер қала өміріндегі маңызды оқиғалар мен жаңалықтарды тұрғындарға дер кезінде жеткізіп, жұлдызды қонақтармен қызықты сұхбаттар өткізеді. Әсіресе, бағдарламаның алғашқы қонағы болған танымал әнші Дастан Тұрдалының алған әсері зор болды.

– Мен ерекше әсер алдым. Жас дикторлар бағдарламаны керемет жүргізді. Олардың маған қойған сауалдары да сондай мағыналы болды. Иә, алғашында біраз жүрексініп, «қалай болар екен?» деп уайымдаған едім. Бірақ жас жүргізушілер бұл ойымды жоққа шығарды. Олардың әжептеуір тәжірибе жинағандары көрініп тұр. Ұсыныс түсіп жатса, тағы да келемін, – дейді әнші.

Ал дәл осы кезде Оқушылар сарайының өнерпаздары Дубай қаласында өткен халықаралық «Oneг Kenuepi» байқауында қазақ өнерін әлемге танытты. Оқушылар сарайының жетігеншілер ансамблі мен жеке орындаушылары байқаудың Бас жүлдесі мен кубогын жеңіп алды. Алматылық жас өнерпаздар елшілік алдында өткен гала-концертте өнер көрсетіп, Араб Әмірлігінің көрікті жерлерін аралады.

Бетгі әзірлеген
Рая ЕСКЕНДІР

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Фарида ОМАРБЕКОВА,
№187 балабақша меңгерушісі:

«БАЛА. АТА-АНА. ТӘРБИЕШІ» АТТЫ
ҮШТІК ОДАҚ ЖҰМЫСЫ
НЫҒАЙЫП КЕЛЕДІ

Алматы қаласы әкімдігінің «Жол картасы» негізінде мектепке дейінгі ұйым басшылары Сингапур мемлекетіне тағылымдамадан өтуге барды. Сингапурда мемлекеттің негізгі байлығы – бала, баланы дүниеге әкелген ата-анамен жұмысбасты дағдыға айналған екен. Біз де осы жобаға негізделген өз жобамызды ұжыммен, ата анамен талқылап, «Үштік одақ – бала бақыты» жобасын қолға алдық. Аталмыш жобаның паспорты мен жоспары әзірленіп, оны қалалық «Мектепке дейінгі ресурстық орталық» бекітіп, жұмыс жүре бастады. Жалпы, бұл жобаның өзектілігі неде? Бұл XXI ғасыр талаптарына жауап беретін, дәстүрлі адамгершілік құндылықтарды бойына сіңіретін білімді де, білікті жаңа ұрпақ қалыптастыру. Ата-аналар – тәрбиеші – бала арасында ашық және сенімді қарым-қатынас орнығуы үшін аз тер төкпеді. Ең бастысы, жобаға сәйкес ата-аналарды балабақшаның өміріне қатысуын міндетті еттік.

Шыны керек, жоба аясында қыруар жұмыс атқарылды. Әртүрлі әдіс-тәсілдер және де жаңа мақсаттар бала бойына ұлттық құндылықтарды, өз ұлтын сүйуге, құрметтеуге, ұлттық ерекшеліктерді түсінуге, өз халқының салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарына құрметпен қарауға бағытталды. Бұдан бөлек, балабақшада ата-аналармен «дөңгелек үстелдер», форумдар, ойындар, психологиялық тренингтер, біріккен іс-шаралар, жәрмеңке, спорттық демалыстар, КВН ойындары, ток-шоу бағдарламалары апта сайын өткізіле бастады. Балабақша қабырғасында әжелер, әкелер, аналар мектебі құрылды. Балабақша ата-аналары мен балақайлармен бірге Астанаға барып қайтты. Ұлттық «Бестемше» ойынына қатысып, Гран-приді жеңіп алдық.

Міне, осылайша «Бала. Ата-ана. Тәрбиеші» атты үштік одақ жұмысы нығайып, баланың қарқынды дамуы жолында оң нәтижесін көрсетіп отыр. Біз үшін ата-анамен жұмыс істеудің белгілі бір жүйесі қалыптасты. Сондай-ақ, бала мен ата-ана арасындағы әлеуметтік арақатынастық жойылып, белсенді ата-аналар саны 70%-ға артты. Қазір балалар өздерінің қауіпсіз ортада екенін еркін сезінеді. Үштік одақ арасында өзара оң диалог қалыптасты. Осынау жоба аясында 3 мәрте аудандық, 1 республикалық, 4 қалалық семинар өткіздік.





МӘМС



ЖАҢА ИННОВАЦИЯ

алматылық кардиохирургтарға алғаш рет сол жақ жүрекше қосалқы окклюдерін сәтті импланттауға мүмкіндік жасады

Алматы қалалық Кардиологиялық орталығында алғаш рет жүрекшелердің фибрилляциясы бар науқастарда инсульттің алдын алуға бағытталған инновациялық процедура – сол жақ жүрекше қосалқысының окклюдаторын импланттау сәтті орындалды.

Орталық дәрігері Артур Әбдімомуновтың айтуынша, жүрекшелердің фибрилляциясы сол жақ жүрекше қосалқыларында қан ұйығыштарының пайда болу қаупін айтарлықтай арттырады.

Бұл қан ұйығыштары қанға түсіп, ишемиялық инсульт тудыруы мүмкін – жүрек-қан тамырлары ауруларының ең қауіпті асқынуларының бірі. Окклюдерді имплантациялау инсульт қаупін азайту арқылы тромбоздың алдын алуда тиімді. Бұл құрылғы қанның тоқырауы мен қан ұйығыштарының пайда болу мүмкіндігін болдырмай, сол жақ атриумның құлағын жабады. Операция пациенттің тез қалпына келуіне мүмкіндік беретін минималды инвазивті әдісті қолдану арқылы жасалды.

«Бұл тәсіл денеге жүктемені едәуір азайтуға және оңалтуды жеделдетуге мүмкіндік береді», – деп атап өтті Артур Әбдімомунов.

Окклюдерді имплантациялау міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесі шеңберінде тегін жасалды.

Бұл пациенттерге ең жақсы емдеу әдістерін қолжетімді етуге мүмкіндік береді. Алматы қалалық Кардиологиялық орталығы медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігін арттыру үшін заманауи технологияларды енгізуді жалғастыруда. Осындай инновациялардың арқасында жүрек-қан тамырлары аурулары бар науқастар толыққанды және ұзақ өмір сүреді.

МАМАН МІНБЕРІ

ӨМІР ЫРҒАҒЫ БҰЗЫЛМАСЫН

немесе реаниматолог-дәрігердің айтары бар

Өкпе артериясының тромбоэмболиясы (ӨАТЭ) – тыныс алу және жүрек жеткіліксіздігі, коллапс сияқты ауыр асқынуға, тіпті, өлімге әкелуі мүмкін ең қауіпті жағдайдың бірі. Алматы қалалық Кардиологиялық орталықтың дәрігер-реаниматологы Төлеген Мықтыбеков бұл дерт шұғыл түрде емдеуді қажет ететінін баса айтады.

Дәрігердің айтуынша, ӨАТЭ қан ұйығышы таспалық артерияның саңылауын бітеп, қан айналымын бұзған кезде дамиды. Бұл шок пен өлімге әкелуі мүмкін. Қайғылы жағдайды болдырмау үшін денсаулығыңызға мұқият болу керек және кенет енгізу, ырғақтың бұзылуы, кеуде қуысының ауыруы сияқты симптомдарға дер кезінде назар аударған жөн.

Егер аталған белгілер орын алса, дереу дәрігерге көріну керек. ӨАТЭ



профилактикасы үшін мамандар белсенді өмір салтын ұстануға, сусызданудан аулақ болуға, компрессиялық шұлық киюге және дәрігердің ұсыныстарын қатаң орындауға, соның ішінде тұрақты тексеру мен антикоагулянттарды қабылдауға кеңес береді.

ДӘРІГЕР КЕҢЕСІ

ҚОМАҒАЙЛЫҚТЫҢ ЗАРДАБЫ

Шамадан тыс тамақтану жүректің жұмысын қиындатады

Адам күнделікті рационына барлық дәмді тағамды қосуға тырысады: құнарлы сорпалар, ысталған және майлы ет, маринадтар, тұзды балық, сүт өнімдері, торттар және т.б. Біздің ағзамыз өмірлік қуат алу үшін бәрін қорытуға дайын. Бірақ барлығын бірдей тұтыну дұрыс па?

Адамның тамақтануы мен ауруы арасындағы тікелей байланыс бары ғылыми түрде дәлелденген. Жүрек-қан тамырлары аурулары әлемнің көптеген елінде, соның ішінде біздің елімізде де өлім-жітімнің басты себептерінің бірі.

Жүрек – ағзадағы үздіксіз жұмыс істейтін және қанды айдайтын, бүкіл денені қоректік заттар мен оттегімен қамтамасыз ететін жалғыз бұлшық ет. Адамның ұзақ өмір сүруі мен жұмыс қабілетін мүмкіндігінше ұзақ сақтай алуы үшін, жүрек-қан тамырлары жүйесінің әртүрлі ауруларына ерте диагностика жасау қажет. Салауатты өмір салты мен дұрыс тамақтану әдеттері арқылы аурудың алдын алу маңызды.

«Дұрыс тамақтану – жүрек-қан тамырлары ауруларының қаупін азайтудың ажырамас бөлігі. Шамадан тыс тамақтану асқазанды толтырады, диафрагманы басып, жүректің жұмысын қиындатады. Шамадан тыс мөлшерде ішкен сұйықтық та жүктеме тудырады. Жүрек-қан тамырлары аурулары кезінде тамақтануда қауіп факторлары – жемістерді, көкөністер мен жасанды азықтарды аз тұтыну, тұз бен қаныққан май қышқылдарын шамадан тыс тұтыну, тағамда талшықты заттардың болмауы және соның салдарынан дұрыс тамақтанбауға байланысты



артық салмақ пайда болады», – дейді Кардиология және ішкі аурулар ҒЗИ кардиология және оңалту бөлімшесінің кардиолог дәрігері Талшын Қалиолдаева.

Тамақтануға байланысты көптеген жүрек-қан тамырлары ауруларын бақылауда ұстауға болады. Өз рационыңызды қадағалаңыз, пайдалы тағамға артықшылық бере отырып, зиянды тағамдардан аулақ болыңыз.

ЗАМАНАУИ ӘДІС

ӘЙЕЛ-АНАЛАР ҮШІН МАҢЫЗДЫ

Алматы онкологиялық орталығы жыл сайын онкогинекологиялық ауруларға қатысты 700-ге жуық операция жасайды. Оның 300-ден астамы (40%-ы) аз инвазивті лапароскопиялық қолжетімділікті пайдалана отырып жүргізіледі.

Мұндай технологиялар хирургиялық араласудың жарақаттануын азайтуға, науқастардың қалпына келуін жеделдетуге және ағзаларды сақтауға мүмкіндік береді. Бұл, әсіресе, репродуктивті жастағы әйелдер үшін өте маңызды.

Ұлттық онкологиялық тіркелімнің деректеріне сүйенсек, гинекологиялық қатерлі ісіктер Алматыда

катерлі ісіктердің барлық жаңа жағдайларының 11%-ын құрайды. 2023 жылы қалада гинекологиялық қатерлі ісікке шалдыққан 635 адам тіркелді. Негізгі нозологиялар сол бұрынғыша жатыр мойны, аналық без және эндометрия қатерлі ісігі болып отыр.

Осы ретте ішінің төменгі бөлігіндегі қатты ауырсынумен қиналған әйелдің жағдайы туралы айтар болсақ, тексеру кезінде сол жақ аналық безде түзілім анықталды.

«Науқасқа лапароскопиялық қолжетімділікті қолдана отырып, ағзаны сақтау отасы ұсынылды. Негізгі кезеңдердің бірі ісікке жедел зерттеу жүргізу болды, бұл оның сипатын – қатерсіз немесе қатерлі ісікті жедел анықтауға мүмкіндік берді», – дейді онкогинекология бөлімінің меңгерушісі Райхан Болатбекова.

Жедел зерттеу ісіктің қатерсіз екенін көрсетті және хирургтар аналық безді сақтай алды. Бұл болашақта ана болуды жоспарлап отырған жас әйелдер үшін өте маңызды.

БӘРЕКЕЛДІ!



ӨМІРГЕ ЕШ ҚАУІП ЖОҚ

Қолқаның бір бөлігі жасанды түрге ауыстырылды

Алматының Орталық қалалық клиникалық ауруханасы дәрігерлері бірегей ота жасап, науқастың өмірін сақтап қалды. Дәлірек айтсақ, денсаулығына шағымданған алматылық тұрғынның қолқасының бір бөлігін жасанды түрге ауыстырды.

ОҚКА-ға 1973 жылы туған, «атеросклероз, іштің аорта инфарреналды аневризması, ауырсыну синдромы, орташа ауырлықтағы темір тапшылығы анемиясы, екі жақты орташа-ауыр пневмония, 2-дәрежелі артериялық гипертензия, туа біткен жүрек ақауы (атриалды перде ақауы), өкпе гипертензиясы, созылмалы жүрек жетіспеушілігі» деген ауыр диагноздары бар науқас түсті. Аталған аурулардың ішінде өмірге қауіп төндіретін негізгі диагноз іштегі аорта аневризması болды. Шұғыл ота жасалмаған жағдайда науқастың қайтыс болу қаупі басым болды.

Тамырлы хирургтар жалпы анестезия және өкпені механикалық жасанды желдету аппаратымен жалпы лапаротомия отасын жасады.

«Ота кезінде іштің қолқа аймағында 8×10 см солқылдаған түзілім анықталды. Аневризма ұршық тәрізді болды, оның қабырғаларында тромбоздық және атероматозды массалар болды. Біз қолқа мен мықын артерияларын бөліп алдық, тамырлы қысқыштарды қолдандық, аневризмалық қапты ашып, ішіндегі патологиялық құрамды алып тастадық. Содан кейін 16-8 мм аллопротез орнатылды, тамырлар «ұшы – ұшына» әдісімен біріктірілді. Іш қуысы санацияланып, кіші жамбас құрғатылды, жара қабақтан тігілді», – дейді тамырлы хирургия бөлімшесінің меңгерушісі Рахман Сапарбаев.

Күрделі отаның барлық кезеңі сәтті өтті. Тамырдағы қан ағымы толығымен қалпына келтірілді. Тамырлы хирургтар мен анестезиологтар тобының үйлесімді жұмысының арқасында науқас аман қалды. Қазір науқас тұрақты күйде және мамандардың бақылауымен оңалту курсынан өтіп жатыр, өміріне еш қауіп жоқ.

Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛІШ.

ӘЛЕУМЕТ

«АЛМАТЫ
ӘЖЕЛЕРІ»

Италияда өткен сән
апталығында топ жарып,
қарттардың да белсенді
екенін паш етті

Алматы Өңірлік
коммуникациялар қызметі
алаңында өткен брифингте
қаладағы әлеуметтік салада
атқарылған бір жылғы
жұмыстың қорытындысы
хабарланды. Мәселен, халықты
жұмыспен қамтудың белсенді
іс-шараларының арқасында
мегаполисте жұмыссыздық
деңгейі 4,8%-дан 4,6%-ға дейін
төмендеді.

Нұржамал
Әлпі

ЕҢБЕК АДАМЫ

Еліміздің егемендігін
мерекелеген күні 90 деген төбелі
жасқа толған ұлағатты ұстаз,
көрнекті қоғам және мемлекет
қайраткері, абыройлы ақсақал,
республикалық дәрежедегі
дербес зейнеткер Әбіләкім
Әубәкірұлы – ұзақ жыл ел
басқарған Д.Қонаев, биліктің
жоғары баспалдағында болған
Б.Әшімов, С.Имашев,
Ө.Жәнібеков, К.Қазыбаев сынды
ел ағаларымен қызметтес
болған, көрген-түйгені мол,
кейінгі ұрпаққа айтары мол
азамат. Әбекең жастарымыздың
білімді де білікті болып өскенін
қалап, осы жолда көп тер төккен
еңбекторы адам.

Әбіләкім ӘУБӘКІРҰЛЫ,
қоғам және мемлекет қайраткері:

ОТАНҒА ҚЫЗМЕТ ЕТУ –
БІР БАҚЫТ!

Білім саласының білгірі

Әбекемнің сан жылдар елге, елдің
келешегіне қызмет еткен ақжелең ағалары,
замандас-қатарластары, үзеңгілестері
түгелдей келместің кемесімен кеткен. Құдай
қуат берген Әбекем «Могикианның соңғы
тұяғындай» жалғыз қалды. Талай марғасқа
замандастарынан айырылу Әбекеме оңай
соқпады. Сонда да болса, тоқсанның
төбесіне шыққан қарт тұйғын құстай
таранған мығым денелі қалпы, әлі тың.
Қажыр-қайраты қайтпай, өзін сергек сезінуі
оның жастайынан салауатты өмір салтын
ұстанғанынан. Жаратқанның берген
ғибратты ғұмыры арқасында ара-тұра дене
жаттығуын жасап тұрады. «Үнемі көңілді
жүруге тырысу, жиі қозғалыста болу –
адамның дене мүшелерін ерте қартаюдан
сақтайды» дейді көпті көрген көнекөз.

Әбіләкім Алматы шет тілдер институтын
тәмамдап, мектеп мұғалімдігінен бастап,
ұйымдастырушы-хатшы, аудандық комсомол
комитетінің бірінші хатшысы болды. Жалын
жігер жас қызметте тиянақтылығымен,
алғырлығымен көзге көрінген. Қазақстан
ЛКЖО ОК студент және оқушы жастар
бөлімінің нұсқаушылығына тағайындалуына
бір себеп осы. Кейін білім министрлігінде,
облыстық партия комитетінде жауапты
қызметтер атқарды.

Әбіләкім Әубәкіров – сала қызметінде
мектеп оқушыларын оқытудың, білім беру
жүйесіндегі ғылыми-педагогикалық кадр-
лардың біліктілігін арттырудың майын ішкен
майталман маман. Оқу министрлігінің
Мектептер басқармасын басқару, Білім және
ғылым министрлігінде ғылыми-педа-
гогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру
кабинетіне жетекшілік ету «мен» деген
маманның қолынан келмес еді. Оған
біліктілік, өренің биіктігі, қаншама қажыр-
қайрат керек-тің. Сол қасиет Әбекеңнің
бойынан табылды. Ол Білім және ғылым
министрлігінің «Құрметті қызметкері»,
Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері,
Алматы облысы, Сарқан ауданының
Құрметті азаматы, Жоғары Кеңестің «Құрмет
грамотасымен» марапатталған.

Өренің биіктігі, біліктілік
пен қажыр-қайрат

«Көп жасағаннан емес, көпті көргеннен
сұра» деген бұрынғылар. Сол тәрізді, Әбең
сұңғыла шежіредей. Өлкенің әңгімесін,
өңірдің жайын бес саусағындай біледі.
Мемлекеттік деңгейде құзырлы қызметте
болған Әбіләкім Әубәкіров талай жыл білім
саласында қызмет етіп, жас ұрпақтың саналы
болып өсуіне, сапалы білім алуына
атсалысты.

Осындай атпал азаматтың туып-өсіп,
кіндік кескен журты, жастардың тәлім-
тәрбиесі, олардың болашағы хақында,



көрген-білгенін, өмірден түйгенін өскелең
ұрпаққа кітап етіп жазып қалдырғаны – бір
төбе.

Жалын жасқа бәрі оңай, ал ұлғайған
адамға кітап жазу да машақаты мол жұмыс,
қияметі көп еңбек. Дегенмен, кісі ерікпеннен
жазбайды. Кейінгіге пайдалы әсері, сабақ
болсын деп жазады. Сексен жасында
«Талжан ауылы», тоқсанға таянғанда «Баба-
ларға тағзым, бауырларға ұлағат, әріптестерге
ілттипат» кітабын жазды. Кітабының тілі
жатық, жазғаны оқылымды. Әбекем әлі
күнге дейін қазақ тіліндегі сүйікті мерзімді
басылымдарын мүлт жібермей, талғап
оқиды. Сол басылымның ішінде біздің
«Ақшам» да бар. Басылым бетінде әр
жылдары замандастары, қоғам қайраткерлері
жайлы жазылған мақалалары бар.

«Үнемі
көңілді жүруге
тырысу, жиі
қозғалыста
болу – адамның дене
мүшелерін ерте
қартаюдан
сақтайды».

«Асыл ағамыз Әбіләкім Әубәкіровпен
кездескен кезім күні кешегідей көз алдымда.
Сыпайы, сырбаз, аққұба, әдемі, сөйлеген сөзі
түйінді, тапқыр күйінде әлі күнге жадымда
жаңғырып тұр. Заманымыздың заңғар
тұлғасы Дінмұхамед Қонаев атамсызбен бірге
15 жыл қызмет атқарған. Комсомолдың
Орталық Комитетінде, Білім министрлігінде
небір жауапты қызметтердің тізгінін ұстаған
қоғам және мемлекет қайраткері. Қазақ
елінің қилы кезеңдерінде ел басшылығында
болған тұлға.

Әбіләкім аға – қанша биік, қанша кең
кабинетке кірсе де, қанша биік қызметке
қолы жетсе де, қанша жүйрік мәшине мінсе
де, кісілік пен адамгершіліктен бір сәт
айнымаған азамат. Елге болсын деген
қайраткер. Бүкіл Қазақстанда ол кісіден үлгі
алған, тәрбиесін көрген қаншама шәкірттері
бар. Бүгін асыл ағамыз бабында, 90 деген
төрдің төбесіне шығып отыр. Ардақты аға,
шыққан биігіңіз құтты болсын! Деніңіз сау,
отбасыңыз аман болсын! Бай тәжірибеніңізді
жастарға беруден тартынбаңыз. Алла
амандығын берсін. Құрметпен, ініңіз
Өмірзақ Озғанбаев».

Әбіләкім көкеміз қызметте Алтайдан
Атырауға дейінгі аралықтағы талай талантты
аңғарып, бағын ашып, баптағаны бар. Іскер
жігіттерді қолдап отырған. Өмірзақ ағамыз
да Әбекемнің сондай ілттипаты мол, ізетті
інілерінің бірі де бірегейі. Маңғаз

Маңғыстаудың жігіті ұзақ жыл туған өлкесін-
де партия, кеңес қызметтерінде болды.
Тоқсаныншы жылдары ҚР Парламентінің
бірнеше шақырылымына депутат та болды.
Бір кездері республикалық Ардагерлер
кеңесінің төрағасы болған. Бүгінде еліміздегі
сол қоғамдық бірлестік төрағасының
орынбасары.

Ә.Әубәкірұлы жайлы пікірін білдірген
Әбекеңнің замандас-інісі, Алматы қалалық
Ардагерлер кеңесі дәрігерлік комиссиясының
төрағасы Семен Шериязданов: «Біздің
Әбекең – тоқсанға толса да әлі ширақ. Қырап
мінез, қаршығадай шымыр Әбекеммен бірге
«Динамо» стадионында біраз жыл жүйелі
түрде бой жаттығуларын жасап жүрдік.
Ағамыз сол дене шынықтырудың пайдасын
көріп, өзін сергек сезінеді», – дейді.

Әбіләкімнің Сембай атасы ақылға бай,
парасатты, сөзіне берік, мейірімді, өткен-
кеткенді айтып, шежірені жақсы тарататын
кісі-тұғын. Сыдық көкесі де көзі ашық,
оқыған, араб, парсы тілдерін жақсы білген,
шариғатты дәріптейтін діндар кісі екен. Өз
әкесі Әубәкір мінезді кісі, үлкен парасат иесі
болған.

Шындықты бағалап, ой-пікірін бүкпей
бетке айтатын, ақкөңіл, адамгершілігі мол,
ағайын-туғанға, жақын-жекжатқа, әсіресе,
әпке, жеңгелерге қолұшын беруге дайын
тұратын қамқоры мол азамат болыпты.
Әбекеңді тегіне тартып туған дейтініміз сол.
«Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деп
атам қазақ бекерге айтпаған ғой.

Орындалған
арман

«Елдің атын ер шығарар» деген даналық
сөз бар. «Бабаларға тағзым, бауырларға
ұлағат, әріптестерге ілттипат» кітабында
Әбекең 1964 жылы Орталық комсомол
комитетінің жастар делегациясын басқарып,
Чехословакияға барғанын білдік. Осы елдің
Прага, Карловы вары деген тамаша жерлерін
аралап жүріп, сондағы батырлар мен
корольдерге қойылған тамаша мүсін,
ескерткіштерді көріп, таңқалғанын айтады.
Сондағысы, өз елі – туған жерінде осындай
елімізді басқарып, жерімізді қорғаған би,
батырларымызға арналған ерекше
ескерткіштерді қашан қояр екенбіз деп
арманданы бар.

Арада төрт жыл өткенде әйелі Раямен
Мәскеу мен Ленинградқа барғанда І Петрдің
ғаламат ескерткішін көріп, танданысын
жасыра алмаған. Бұл жолы да сол баяғы ел
қорғаған батырлар мен көрген көсемдерді
еске алып, туған жерінде де зәулім ескерт-
кіштер орнатылатынын қиялымен көз
алдына елестеткені есте. Ақпейіл арман іске
аспай қоймады, егемендікке қол жеткізген
соң ел қорғаған Қаракерей Қабанбай
батырдың еңселі ескерткіші ашылғанда сол
арманы жүзеге асты. Әбең сол жерде
Тәуелсіздікке тәу етіп, батыр бабаның
рухына тағзым етіп, ширек ғасырғы бұрынғы
көрген білгенін, асыл арманын еске алған.

15 жылдан астам Орталық Комитетте
жауапты қызметтер атқарған Әбіләкім
Әубәкіров ұлы тұлға, қазақ халқының
мақтанышы Дінмұхамед Қонаевпен бірге
«Қапал-Арасан» шипажайында үш жыл
қатарынан демалу бақытына ие болғаны
бар. Димекеңнің ғибратты да ұлағатты
әңгімелерін тыңдады. Тоталитарлық
тәртіпке қызмет етсе де, діні мен діліне
берік Димекеңнің «Ақиқаттан аттауға
болмайды» дегені әлі күнге жадында
жаңғырып тұр. Біздің кейіпкеріміз
Әбекең – жазықсыз жазаланып, тар
қапасақа қамалған Асанбай Асқаровтай
ел басқарған азаматтармен де сыйлас,
қызметтес болған адам. Көшелі кісіні
құрмет тұтуын «Асекеңдей діні мықты
адамдармен бірге елге, Отанға қызмет
етудің өзі бір бақыт!» дегенінен аңғаруға
болар.

Бетті әзірлеген
Айнабай МӘДИ.



«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

2025 жылға «Almaty aqshamy» газетіне жазылу науқаны басталды

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді aqshamnews.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2025 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 613,40 теңге, 3 айға – 1840,20 теңге, 6 айға – 3680,40 теңге, 11 айға – 6747,40 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1315,62 (қала), 803,40 (ауыл) теңге, 3 айға – 3946,86 (қала), 2410,20 (ауыл) теңге, 6 айға – 7893,72 (қала), 4820,40 (ауыл) теңге, 11 айға – 14471,82 (қала), 8837,40 (ауыл) теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 393,40 теңге, 3 айға – 1180,20 теңге, 6 айға – 2360,40 теңге, 11 айға – 4327,40 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Құрметті оқырмандар!

«Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Almaty aqshamy» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте ресімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет.

Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең.

Газет **Post.kz**-пен ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

КАСІПТІК БІЛІМ



ЖҰМЫСШЫ МАМАНДАРДЫ ДӘРІПТЕУ ҚАЖЕТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің қыркүйек айындағы Қазақстан халқына Жолдауында 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялаған еді. Бұл бастаманы сала өкілдері жұмысшы мамандығының беделін арттырып қана қоймай, техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің реформасының іске асуына жасалып отырған қолдау деп қабылдап отыр. Сәтін салса, осы жылы мәртебелі мамандық иелерінің мерейі көтеріліп, сан қырлы саланың тамырына қан жүгіретін болды.

– Кәсіптік білім беру саласына реформа жасау – айрықша өзекті мәселе.

Бұл – экономиканың өсімін қамтамасыз ету және инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін аса қажет қадам. Мен 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялап, осы уақыт ішінде техникалық және кәсіби білім беру жүйесін реформалау қажет екенін тапсырамын. Сондай-ақ, біз жұмысшы мамандықтарын дәріптеу арқылы қоғамда еңбекқор және нағыз маман болу идеясын насихаттаймыз, – деген еді ел Президенті. Қаламыздағы байырғы оқу орындарының бірі – «Алматы сән және қызмет көрсету саласы колледжінде» «Жұмысшы мамандықтар жылына» орай «Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу» мамандығы бойынша 10 құзыреттілік орталығы ашылды.

– Біздің басты мақсатымыз – нарықта сұранысқа ие мамандарды даярлау. Сапалы маман даярлау үшін әлеуметтік серіктестер шеңберін кеңейтіп, *World-Skills стандарттары* бойынша мамандарды даярлау үшін материалдық-техникалық базаны жаңартып, оны тиімді пайдаланып, шығармашылық бастаманы дамытсақ дейміз, – дейді колледж басшысының орынбасары Күнімай Омарова.

Бұл күнде аталмыш колледждің шеберханалары мен зертханалары заманауи құрылғылармен толықтай жабдықталған. Мәселен, «Жас маман» жобасы аясында сатып алынған жабдықтармен өте сапалы өнімдер шығаруға болады. Соның бір дәлелі, колледж тігіншілері тіккен өнімдер Мәскеудегі «Этно Эрато» Еуразиялық байқауына және Дубайда өткен «Emirates Fashion Week» сәндік коллекциялар шеруіне қатысты. Жақында колледж мамандары Италияда «Тігін өндірісі» бағыты бойынша халықаралық тағылымдамадан өтіп, біліктіліктерін шыңдап қайтты.

ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ

5000 VIP НӨМІР бір жылда берілді

«Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясының Алматы филиалының нақты мәліметінше, өткен жылы 5039 VIP нөмірге тапсырыс берілген көрінеді. Жалпы, мұндай ерекше нөмірлер халық арасында біраз уақыттан бері жоғары сұранысқа ие екені белгілі. Көп жағдайда көлігіне емес, нөміріне қарап бағалап жатады.

Мәселен, өткен жылы 5415 нөмірге тапсырыс берілсе, қала тұрғындары арасында 010, 020, 030, 040, 050, 060, 070, 077, 080, 090, 707 сияқты нөмірлер әлі де үлкен сұранысқа ие. Мұндай нөмірлердің бағасы 57 АЕК-ті (210 444 теңге) құрайды. Сонымен қатар, ең қымбат нөмірлерге: 001, 002, 003, 004, 005, 006, 007, 008, 009, 777 жатады. Мұндай нөмір үшін әр көлік иесі 285 АЕК (1052 220 теңге) төлейді.

«Кейбір адамдар VIP-нөмірлердің құнын «Азаматтарға арналған үкімет» белгілейді деген қате пікірде. Сатудан түскен қаржы мемлекеттік қазынаға түседі және мемлекеттік баж мөлшері Қазақстан Республикасының Салық кодексімен реттеледі», – дейді №1 мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталығының басшысы Асет Тұрғымбаев.

Қаламыздағы мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталығы басшысының айтуынша, кез келген клиент мамандандырылған ХҚКО-ға жүгініп, қажетті VIP нөміріне тапсырыс беруіне болады. Сосын мамандар базада жоғары сұраныс нөмірлерін



тексереді. Клиент сандық және әріптік белгілерді алдын ала нақтылау арқылы да тапсырыс бере алады. Тапсырыс берген нөмірлер Алматыда 5 жұмыс күні ішінде дайындалады.

Сондай-ақ, көлік иесі таңдаған мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісін eGov порталы және eGov Mobile арқылы да тапсырыс беруіне болады. Жалпы, ағымдағы жылы қаладағы мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталығында 863 324 көлік тіркеліп, 116 741 жүргізуші куәлігі берілді.

Әзірлеген
Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.

КӨҢІЛ АЙТУ

«Alatau Aqparat» медиахолдингінің ұжымы «Almaty aqshamy» газетінің тілшісі Айнабай Қыдырбайұлына қарындасы

АҚЫЛИМАНЫҢ

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден
18.00-ге дейін хабарласыңыз

Almaty
AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 13 260 дана (жұма)

Кезекші редактор – Рая ЕСКЕНДІР

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-Болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



www.instagram.com/aqshamy.official



www.facebook.com/aqshamy.official



web.telegram.org/k/#@aqshamy_kz



www.youtube.com/channel/UCXzM2xrJCHx6Br1ggA

ӨМІРДІҢ ӨЗІ

Күнделікті өмірде, айналамызда болып жатқан оқиғаларды қойын дәптеріме түртіп жүретінім бар. Күнделік бетіндегі сол жазбаларыммен әдеттегідей сіздермен тағы да бөлісейін.

БЕС МЫҢ

Айдана есімді жас келіншек босана салысымен, сәл әл жинап алған соң WhatsApp-пен күйеуіне жазып жіберген ғой, «Акушерге, мына нөмірге ақша салып жіберші» деп. Артынша бірер минуттан соң «3800» деп әлгінде ғана өмір есігін ашқан нәрестесінің салмағын жазған.

Біраздан соң күйеуінен «Роддомнан бірдеңе сатып алып жатыр ма едің, салдым акушеріңе 3800 теңге» деген жазба келеді. Ашуланып, түтігіп кеткен келіншегі: «Ұят-ай, 3800-ді қалай салдың?! 5000 сал», – деген жазбасын жөнелтеді. Күйеуінен іле-шала: «Салдым. 2200» деген жауап келіпті ғой, қысқасы.

Осы оқиғаға жазылған пікірлер де өзінше бір қызық.

«Маған «олвейз» әкеп берші десем, «орбит» әкеп тұр ғой. Роддомда сағызды не істеймін?!».

«Мен дәрігерлерге түскі асқа шашлық алып келші десем, келіп тұр, қолында шашки, әрең таптым ғой деп».

«2200 теңге емес, 1200 беру керек, акушер 1000 теңгесін қайтарсын. 6000 беріп жіберген күйеуі».

«Несіне жынданасыңдар, әйелдер! Сендерге де балға әкеп берші десек, ара келіп тұрасыңдар ғой».

ЖАСТЫҚ

Шілдехана. Ортаға ата-әжесі немересін баланың қоларбасымен алып шықты. Сондарында ұлы мен келіні, яғни сәбидің жас ата-анасы. Жүздері балбұл жанып тұр.

Келін тізеден сәл жоғары тұратын бүрмелі ақ көйлек, сыртынан көгілдір түсті ұзын пиджак киіпті. Аяғында биік өкше. Құлағындағы сырғасы да жалт-жұлт етіп жарасып тұр. Бәрі талғаммен.

Қызын көрген төрде отырған анасы «қысқа киіп алғаны несі» деп қысылып, жан-жағына алаңдап мазасыздана қарап кетті, елге ұнамай қалған жоқ па дегендей. Әрине, ана ретінде қызының абыройын ойлағаны.

КҮНДЕЛІК
БЕТІНДЕГІ
ЖАЗБАЛАР

Сурет: шығармашылық

Құдағиы да сұңғыла екен, сезе қойды. «Ештеңе етпейді. Өзім әпергем. Жарасып тұр», – деді.

Иә, ерсі қылық көрсетіп жатқан келін жоқ. Бәріне имене қарап, ибамен сәлемдесіп жүр. Ата-ененің, күйеуінің алдына түсіп кетіп жатқан жері тағы жоқ. Заманауи келін. Ең бастысы – енемен сыйластығы жоғары.

Небәрі 22 жаста. Бірер жылдан соң етегі ұзара түседі, уақыт өзі соған әкеледі. Қорықпаңыз, үнемі солай қысқа киіп жүреді екен деп. Жастықта бәрі үйлесімді!

Бүркенбей-ақ, оранбай-ақ иманды, ибалы болуға әбден болады!

ИМАН

Таксидемін. Жүргізуші жер үйлер жакқа бұрылды. Көше қараңғы.

– Біреудің аманаттаған заты бар еді, соны беріп кетейін, – деді, бізге ескерткені.

Қараңғы тар көшеге келіп тоқтады. Сыртқа машинасының жарығы түсіп тұр. Әлдекімге «брат, звондап жіберші өзің, не доступен болып тұр нөмірі» деді.

Сәлден соң үйден 19-20 жастағы қыз шықты. Желең. Шашы ұзын, буып қойыпты. Көрікті өзі. Затты беріп жатқан жүргізуші жігіт ағасына тіктеп бір

карамады, телефонын шұқылап тұр. Затты жеткізген адамның қызметі үшін ақша аударайын деп жатыр ма екен. Бір кезде телефонының сыртқы қабын ашып, сонда тұрған ақшаны алып, жүргізушіге берді. Ішке кіріп кетті.

Мен үшін иман, иба хиджабта емес. Қыз баланың ер адамға тіктеп қарамағанының өзі – имандылығы.

Өткенде ТикТокта бір қыз (әлде келіншек) хиджабының сыртынан қалай сырға тағуға болатынын көрсетіп тұр құрбысына. Сырғаны орамалының сыртынан тесіп іліп қойды. Жаным-ау, құлақтың сырғалығы да әуретті жер ме, сонда? Түсінсем бұйырмасын.

Сырға да әйел затының көркін үстей түсетін сәндік аксессуар ғой. Ертеде қазақ қыздары таққан күміс сырға, білезік, шашбау, шолпы қандай еді! Қазір де тағып жүрміз.

РАХМЕТ!

Метроға кірдік. Автобуспен 30 минут жүретін жерге 9 минутта зыр еткізіп жеткізіп салады. Мұнда көбіне жастар жүреді. Алматы – жастар қаласы.

Төлем жасайтын жерге келгенде бір бозбаланың картасында ақша болмай шықты.

– Сендер жүре беріңдер. Сондарыңнан барамын, автобуспен, – деп еді әлгі бала, арғы бетке өтіп алған екі досы өкінген кейіппен тұрып қалды. Кеткісі жоқ екеуінің де. Бергі беттегі жігіт те «қап!» деп, олардан қалып бара жатқанына өкінгендей.

Кері бұрыла берген оған құрбым:

– Әй, бала, тоқташы, мынаны көрші, бірақ ішінде бар-жоғын білмей тұрмын, – деп сөмкесінің түбінде, біраздан бері қолданылмай жатқан екінші картасын ұсынды.

Бар екен ішінде ақша. Бозбаланың көзі жанып кетті қуанғаннан. «Рахмет, апай!» деді «құтқарушы» құрбыма. Екі досы да бірінен соң бірі «рахмет, апай, рахмет» деп жүгіріп кетті. Асығыс өздері. Мәз. Бөлінбей бірге кетіп бара жатқандары сондай жақсы!

– Жанағы балалардың көп рахметіне, қуанғанына қуанып келе жатқаным! – деді бір кезде құрбым.

Ж а қ с ы л ы қ т ы н
ү л к е н - к і ш і с і
б о л м а й д ы .
Ж а қ с ы л ы қ
ж а қ с ы л ы қ т ы
шақырады. Ертең
бұл жақсылық
біздің де
балаларымыздың
алдынан шығады.
Сеніңіз.

Нұржамал ӘЛШ,
журналист.

КАРИКАТУРА СӨЙЛЕСІН



Карикатураны салған Ғалым СМАҒҰЛҰЛЫ.